

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ
«БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯ» КАФЕДРАСЫ

Сағындықова Э.Ө.

«Топонимика» пәніне арналған әдістемелік нұсқау

(география мамандығы бойынша оқитын студенттерге арналған)

Ақтау 2011 ж

УДК 91. (043.3)

Сағындықова Эльвира Өмірқызы «Топонимика» пәніне арналған әдістемелік нұсқау (география мамандығы бойынша оқитын студенттерге арналған) / Ақтау 2011-52 бет.

Пікір жазған: п.ғ.к. Кенжебекова Д.Т.

Бұл әдістемелік нұсқау география мамандығы бойынша күндізгі және сырттай бөлім студенттері үшін күнделікті оқу процесінде және қорытынды бақылауға дайындалу үшін көмекші құрал ретінде пайдалануға арналған. Мұнда топонимиканың ғылым ретінде маңызды мәселелері қысқаша баяндалған.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімі бойынша баспаға ұсынылған.

Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2011

Мазмұны

КІРІСПЕ.....	3
1. Облыстың табиғат жағдайлары мен ресурстары.....	6
2. Топонимдер қалыптасуының таихи және теориялық негіздері.....	15
3. Географиялық атаулардың зерттелуі.....	22
4. Облыс топонимдерін топтастыру принциптері.....	23
5. Облыс топонимиясында табиғат жағдайларының бейнеленуі. Табиғи орта және топонимдер	26
6. Геологиялық құрылысы мен жер бедерін бейнелейтін атаулар.....	29
7. Ішкі сулардың топонимдерде көрініс табуы.....	34
8. Өсімдіктер жамылғысы мен жануалар дүниесінің географиялық атауларда бейнеленуі.....	40
9. Облыс топонимиясындағы шаруашылықпен байланысты атаулар . Құдық атаулары.	42
10. Түске байланысты ландшафтылық атаулар.....	45
ҚОРЫТЫНДЫ	50
ӘДЕБИЕТТЕР.....	52

КІРІСПЕ

Қазіргі заманда егеменді Қазақстанның алдында тұрған экологиялық, экономикалық мәселелерді шешуде қоғам мен табиғаттың өзара қарым қатынасының әр қырынан, жан жаты зерттеудің маңызы атып отыр. Бұл тұрғыда география ғылымы алдында қоршаған табиғи ортаны қорғау мен оның қорларын тиімді пайдаланудың ғылыми негіздерін жасау міндеттері тұр.

Ландшафт өзгерістеріне себепші болатын факторлардың кеңістік уақыттық шамаларының әркелкілігі, жеке компоненттерінің тұрақтылық дәрежесінің әр түрлілігі ландшафттарды қалпына келтіру ісінде әр түрлі әдіс тәсілдерді пайдалануды қажет етеді. Географиялық болжам принциптеріне сәйкес, ландшафттардың даму, игерілу және өзгеру таихын зерттеуде географияның басқа салаларымен қатар, топонимиканың да маңызы зор. Ландшафт өзгерістерін куәландыратын деректер қатарына топонимикалық мәліметтерді жатқызуға болады. Байырғы ландшафттарды қалпына келтіру ісінде жергілікті топонимикалық мәліметтерді белгілі бір ландшафт аумағындағы «шоғырлану» заңдылығына және топонимдердің көп жағдайда табиғат ерекшеліктерін дәл бейнелейтіндігіне негізделген. Жалпы топонимдердің табиғи ортамен байланысы В.П.Семенов Тянь-Шанский, Э.М.Мурзаев, Б.А.Будагов, Х.Л.Ханмогомедов, Ғ.Қ.Қоңқашбаев, Ә.С.Бейсенова, А.П.Горбунов, С.А.Абдрахманов, Ә.Б.Бірмағамбетов, К.Д.Каймулдинова, А.Омарбекованың еңбектерінде қамтылған. Жеке аумақтағы географиялық ортамен топонимдер бірлестігінің арасындағы күрделі байланысты ашуға бағыттаған қомақты жұмыс ретінде Х.Л.Ханмогомедовтың арнайы зерттеуін атауға болады. Қазақстанда топонимиканың ландшафттар динамикасына және табиғатты қорғау мәселелеріне қатысты қырларын қазақ топонимдері негізінде, географиялық ғылымдар тұрғысында зерттеудің алғашқы тәжірибесі жүзеге асырылды.

Географиялық атаулады зерттеу өте күрделі мәселелердің бірі. Соның ішінде жер су атауларын ел тарихымен, мәдениетімен сабақтастырып, оларды қоғамдық әлеуметтік саяси өзгерістермен ұштастыра қарастыру ұлттық тілімізді зерттеудің қоғамдық рөліне қатысты академик Ә.Т.Қайдаров: «Ең алдымен оған тірек болар үш тағаны жазу сызуы (ұрпақ арасын жалғастырар алтын көпірі), ономастика (жер бетіндегі ескерткіштер), терминология (оның баю, жаңару көзі) берік емес екенін мойындау қажет» деп атап көрсетті. Демек, ұлттық ономастиканың қоғамдағы рөлін белгілеу арқылы оны жаңа деңгейде көтеруге болады. Бұл жұмыс ономастиканың негізгі салаларының бірі топонимияны зерттеу арқылы жүзеге асады.

Осы кезге дейін Қазақстан географиясында жеке аймақтардың ландшафт ерекшеліктерін бейнелейтін атаулар бірлестігінің арнайы жете зерттелмеуімен анықталады. Каспий тәрізді Еуразиядағы аса ірі су айдыны маңында орналасқан, географиялық ортасы тарихи кезеңдерде күшті өзгерістерге ұшыраған, сан жылдар бойы са, скиф, массагет, савромат, агрипей, қыпшақ, тайпалары мекендеген бұл аймақтың топонимиясында жергілікті табиғат жағдайларының

хабар беретін атаулар тобы көрнекі орын алады. Маңғыстау облысы ландшафт ерекшеліктерін бейнелейтін географиялық атауларды зерттеудің топонимиялық, тарихи географиялық ізденістерде және географияның басқа салаларындағы өзекті мәселелерді шешуде маңызы зор деп есептейміз. Бұл бағытта зерттеудің маңыздалағының соңғы жылдары аймақтағы табиғи қорларды игеру қарқынының артуына байланысты оларды тиімді пайдалану қажеттілігін ғылыми тұрғыда негіздеуге қатысты арта түседі.

Сонымен, зерттеу өзектілігі аталған мәселелердің қазіргі география ғылымдары үшін маңыздылығымен және физикалық география мен топонимиканы ұштастыру негізінде аймақтық зерттеулер аясын кеңейту қажеттілігімен анықталады.

Маңғыстау облысының топонимиялық жүйесіне жан жаты талдау жасаудың негізінде ландшафт ерекшеліктерін бейнелейтін географиялық атауларды анықтап, табиғи ортаның топонимдерінің қалыптасуына әсерін зерттеу, топонимикалық әдістердің ландшафтар өзгерістерін танып білудегі қолданбалы маңызын жеке аймақ мысалында негіздеу.

Маңғыстау облысының топонимиясының қалыптасуының тарихи географиялық жағдайларына талдау жасау.

Нақты деректер негізінде Маңғыстау облысының табиғат жағдайларының географиялық атауларды бейнелену заңдылықтарына талдау жасау.

Жергілікті топонимдердің аймақ ландшафтарының өзгерістерін анықтау мен қалпына келтірудегі маңызын саралау;

Маңғыстау облысы аймағының ландшафт ерекшеліктерін анықтайтын топонимдердің жиынтығы. Маңғыстау облысы аймағындағы таралған қазақ тіліндегі топонимдерді физикалық география тұрғысында талдау мәселелері.

Аумақтағы ландшафтарының және олардың тарихи өзгерістерінің күрделілігі және топонимикалық деректердің кешенді сипаты, зерттеудің әр түрлі әдіс тәсілдерін пайдалану қажеттігін анықтап берді. Географиялық, картографиялық, тарихи және лингвистикалық әдістер қолданылып, басқа авторлардың археологиялық, палеонология әдістері арқылы жүргізген зерттеулерінің нәтижелері талданды. Маңғыстау облысы ландшафт ерекшеліктерін бейнелейтін топонимдер жүйесі тұңғыш рет арнайы зерттелді. Аймақтағы халықтық топонимдерге аймақтағы байырғы және қазіргі ландшафтардың сипатын бейнелейтін ақпарат көзі ретінде алғаш рет географиялық ғылымдар тұрғысында баға берілді. Маңғыстау облысы мысалында табиғи орта мен географиялық атаулардың өзара байланысы және атауларды табиғат жағдайларының бейнелену заңдылықтары жөнінде тұжырым жасалынды. Сонымен қатар, аймақтағы ландшафт ерекшеліктерін анықтайтын географиялық атаулардың жеке топтаы сипатталып, реликтілі ландшафтар атауларының талдамасы ұсынылды. Маңғыстау облысы ландшафтарын қорғау мен қалпына келтіруге қатысты мәселелер физикалық географиялық топонимикамен байланысты тұрғысынан алғаш рет негізделді. Маңғыстау облысы мысалында топонимдердің қалыптасуының тарихи географиялық алғышарттары мен ландшафтар топонимиясына қатысты өзекті мәселелердің физикалық география

аясында тұжырымдалуы Қазақстандағы топонимикалық зерттеулердің географиялық бағыттарын дамытуға негіз болады.

. Зерттеу нәтижелерін топонимикалық, терминологиялық сөздіктер жасау барысында, өлкетану жұмысында пайдалануға болады. Топонимдердің ландшафттар динамикасына айқындаудағы маңызы туралы жеке тұжырымдарды аймақтық тарихи географиялық зерттеулерде қолданудың мүмкіндігі бар. Әдістемелік құралда талданылып, сараланған деректер жоғарғы оқу орындарында, білім мекемелерінде кеңінен пайдалануға болады.

1.Маңғыстау облысы аумағының тарихи кезеңдерде географиялық зерттелуіне қатысты жазба және картографиялық деректерді аймақ топонимдерінің қалыптасуы мен өзгеруіне қатысты зерттеулерде пайдалануға болады.

2.Маңғыстау облысы қазақ тіліндегі топонимдерде, әсіресе, микротопонимдерде ландшафттың жергілікті халықтың шаруашылық әрекеті мен тұрмысында маңызды роль атқаратын ерекшеліктері көрініс тапқан.

3.Аймақ топонимиясындағы табиғат жағдайлары мен байланысты атаулардың физикалық география үшін маңызы олардың ландшафт өзгерістерін айғақтауына байланысты негізделеді.

МАҢҒЫСТАУ ТОПОНИМДЕРІ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ.

Облыстың табиғат жағдайлары мен ресурстары.

Каспий мен арал, Жем мен Бегдашы аралығын алып жатқан байтақ дала бір біріне ұқсамайтын шөл далаға тән қандай да көрініс болатын болса, оларды көрінбестен айқара ашылған құшағына рет ретімен сыйғызып, табиғатқа тән өсімдікпен орналастырылған ұлан ғайыр кеңістік Маңғыстау жері болып табылады.

Маңғыстау облысы Қазақстан Республикасының оңтүстік батыс бөлігінде орналасқан. 1973 жылы маңғышлақ облысы болып құралған, 1990 жылдан бастап Маңғыстау облысы болып аталды. Облыс көлемі 165,6 мың шашы км тең. 2009 жылдың 1 қаңтарына облыс халқы 425,6 мың адамды құрады. Экономикалық қатынас, жан жақты байланыс тұрғысынан алғанда бұл аймақтың орналасу реті өте тиімді. Өйткені облыстың батысы мен терістігінен орала қоршаған Каспий теңізі арқылы Шығыс Европаға шығуға толықтай мүмкіндік болса, оңтүстігінде Түрікменстанмен, оңтүстік шығысында Қарақалпақстанмен, солтүстігі мен солтүстік шығысында Атырау, Ақтөбе облыстары шаруашылықтарымен шектесіп, күнбе күнгі тығыз байланыс мүмкіндігіне Ақтау форты қазақ мемлекетінің, оның болашақ теңіз флотының дүниежүзілік аренаға теңіз су жолы арқылы шығатын орталығына айналуда.

Облыста 5 аудан және 2 қала (Ақтаудан басқа), 57 селолық және 42 ауылдық округ бар, қала халқының саны 242,8 мың адам құрайды (57,0), ауылдықтар – 182,8 мың адам (43,0)

Жер бедері. Маңғыстауды 1950 жылы далалық байқаудан өткізген жайылымдық мелиративтік трестік мәліметіне қаағанда түбектегі жер бедерінің алуан түрлілігі айқын байқалады. Осы экспедиция байқау жүргізген 6 млн. 245 мың га жерден егіншіліктің үлесі 0,01%, жайылымдық 75,1%, құмдық жерлер 5,5% , сор 10,2% , аңғар, жар, егістік алқап 6,4%, тақырлар 0,6% , сулы жерлер 1,3% , қолайсыз жерлер 0,89 % болып келеді.

Маңғыстау облысына қарасты жер өзінің рельефтік ерекшеліктеріне қарай бірнеше аймақтарға бөлінеді:

Бозащы түбегі. Бұған Бозащы жарты аралы түгелімен кіреді. Бұл жарты аралдың орта жоны бір қалыпты қоңырлы, құмды, бұйратты жызықтық болады да, теңізге қарай ойысқан етегі сортаң, сор мен ащылы сораңды кебіртен, кейбір жері қайраңды тегістік болып келеді. Жарты аралдың шығысы теңіз деңгейінен – 26 м төмен жатқан Қайдақ сорымен көмкеріле келіп, оңтүстігінде теңіз деңгейінен -24 м төмен жатқан Қаракешу, содан батысқа қарай – 19м

Белгідегі Қошақ сорымен жалғасады. Ал терістік батысы мен терістігі теңіз деңгейінен -19-17 м төмен жатқан Каспий теңізімен қоршалған.

Орталық таулы Мағыстау. Бұған батыс және шығыс Қаратау жоталары мен оңтүстік және солтүстік Ақтау тізбектері кіреді. Бұл өңір өзінің жер бедері жағынан тектоника эрозиялық және аридті денудациялық аласа таулар тіркесіне жатады. Бұл ауданның жер бедері сан алуан биік шоқылар, таулар, жоталар,

адырлар мен аңғарлар, бөктерлер, жекелеген төрткілдер, эрозиялық өңірлер және су ағатын сайлардан құралады. Таулы Маңғыстау - ұзындығы 117 км, ені 1,5-15 км ге созылған батыс және шығыс Қаратаумен оған жарыса жатқан оңтүстік және солтүстік Ақтаулардан тұрады. Орташа биіктігі 300-400м, биіктігі 532-556 м ге жететін Отпан, Бесшоқы Қаратаудың ең биік тау шоқыларының санатына жатады.

Қаратау сілемдері тек Шығыс Қаратаумен бітпейді, ол одан әрі жалғасып Бесшоқы тауы, Қарашық, Қарамаю, Кендірлі сілемдерімен ұштасып жалпы ұзындығы 300 км-ге дейін созылады. Сол сияқты солтүстік және оңтүстік Ақтауларда батыс басын Тайшық, Дәніспен маңынан бастап тұмсығын Үстірт шыңына тіреп, терістік беті Күйекжол арқылы Түзбайыр тауына жетіп жығылса, екінші беті Алаешкі, Жабайыұшқан таулары арқылы жалғаса Бекет ата шыңына үңіле Үкінің ойына таусылады. Солтүстік Ақтаудың орташа биіктігі 300-327 м болады. Тау жоталары терістікке қарай қоңырлық баурай, ірілі уақты сала болып Бозащы жазығына жалғасып кетеді.

Ал оңтүстік Ақтау солтүстік Ақтауларға қарағанда аласалау болып келеді. Де оңтүстік және оңтүстік батысқа қарай аласарып, бірте бірте оңтүстік Маңғыстау жазығына жаоғасады.

Батыс аймақ - Түпқараған түбегі. Түбек солтүстік және батыс беті Каспий теңізімен қоршала келіп үстіңгі беті бір тегіс жазықтық бола биіктігі 140 -200 м теңізге үңілген жағалық шыңдар сілемін құрайды. Шың жағалауында солтүстіктен оңтүстікке қарай әр түрлі ұзындықта орналасқан және бірнеше бұтақтарға тарамданған ірілі уаты сулы, сусыз алқаптар, тұйық сайлар кездеседі. Түпқараған түбегінің оңтүстік беті солтүстігіне қарағанда аласалау: 200 м ден 70м ге дейін, кей жерлері 30 м-ге дейін аласарып сай салалары адырлы алқаптарға айналады. Бұлардың ішіндегі ең ірілері саура, Түлкілі, Сақа құдық, Қарлыбас алқапты аңғарлары Түпқараған дөңінен басталып теңізге барып тіреледі. Алқаптың аяқталар жерлерінде азды көпті су көздері бар, оларды шаруашылықтар пайдаланады.

Оңтүстік батыс адырлы аймақ.

Таулы Маңғыстаудың оңтүстік ббетіндегі Ақтаулар оңтүстік батысқа қарай аласара түседі де, бірқатар жері тегістікке ұштаса, көпшілік жері жыра, сай, әр түрлі салалармен жинақтала келіп, сусыз үлкен аңғар алқап құрайды. Атыс жағының ені 5-6 км-дей болып Шақырған, Сартаған, Қарақыздан басталған алқап құйылысқа келіп Жинақталып, одан әрі оңтүстікке қарай Ұзынбас сайымег ұштаса Байқасқа тауының астымен Қарақия ойпатына құлайды.

Қарақия сорын Қарақия тауы қорша жатыр. Сордың батысы Боржақты адыры арқылы Исан түбегіне жалғасып ода әрі құмды мүйіс арқылы теңізге сұғына бітеді. Сордың жапы көлемі 27000 га. Қарақия ойпаты теңіз деңгейінен 132м төменде жатыр. Қарақия сорының теңіз беті бір тегіс 0,30м лік белгідегі қоңырлық болып келеді де арасында табиғи деңгейі төмен, ұзындығы 20 км ге жуық ағысты алқаптар кездеседі. Оның теңіз деңгейімен саалстырғанда кей жері-

8 м, орта жері-20 м, ал теңіз жағасына жақындаған сайын -28 м ге дейін төмендейтін жерлері кездеседі.

Шығыс құмдық аймақ .Шығыс құмдық аймақ жер бедері мен өсімдік құрамына сәйкес жоғарыда айтылған төрт ауданға қарағанда өз ерекшеліктерімен көзге түсіп оқшауланады. Шығыс құмдық ауданға кіретін Мырзайыр, Басқұдық, Итқара құмы, Тышқан құм, Сеңгір құм, Бостақұм, Сенек, Аққұдық.Қарынжарық құмдары бірі жақын, бірі алыс әр түрлі биіктіктегі шың тауларымен қоршалған. Құмдық аудандардың тау сілемдері қрынауына орналасқан аралық сор, одан ары құмға ауысып бұталы болып келуі өзіндік микроклиматтың ерекшеліктерімен Маңғыстаудың шаруамен айналысатын тұрғындары үшін ең қолайлы қыстақ орындар болып есептелінеді. Шығыс құмдық ауданның жер көлемі 220 мың га ға жуық.

Оңтүстік Маңғыстау жазығы.Оңтүстік Маңғыстау жазығы терістігін Өзен, Жетібай дөңінен бастап оңтүстікке қарай бірте бірте аласарып, оңтүстік батыс беті Каспий теңізін жағалай Бегдашыға тірелсе, оңтүстік шығысы Тайғыр, Көкімбай дөңі арқылы Сасықорпа,Қарынжарық құмдарын жағалай Шағала сорға барып тіреледі.Жалпы көлемі Бүкіл Маңғыстау жерінің жетіден ерекшеліктерімен өз алдына бөлек, бір аймақ болып есептелінеді. Оңтүстік маңғыстау жазығының ең бірінші ерекшелігі мұнда су көздері өте тапшы, бар суының өзі ащы болып келеді.Топырағы оңтүстікке жүрген сайын ащы карбонатты қопыраңқы, бос көпіршік атып қабыршақтанып жатады.Жаңбыр, қар сулары топыраққа тез сіңіп кетеді, сондықтан бұл жазықтықта сай сала, су ағар жыра өте сирек кездеседі.Кересінше ойдым ойдым қазаншұңқырлар, ортасы сор немесе әр түрлі формадағы жан жағы қарыттарымен көмкерілген терең шұңқыр, астау ойлар, шөпті шөпсіз төбелер, бір біріне тіркесе қатар түзеген төрткіл, белес белес қаражалдар, адырлар болып келіп, шыңға жақындағанда топырағы қатайып, қабыршық тас аралысып , соған сәйкес тас аралысып, соған сәйкес жер бедері, өсімдіктер дүниесі өзгере бастайды.

Үстірт жоны немесе Оңтүстік Үстірт. Үстірт жонын Маңғыстаудың Қаройынан Күйкеннің тұмсығынан басталатын Ақшабас, Қаратүйе, Кертті ақуыс,Жосалы, Қараған Босаға, Көкесем, Кеңдірлі, Елшібек, Сүйірше сияқты жағалай ұшпа шыңдар мен жарқабақты таулар бөліп тұрады. Солтүстіктегі Бейнеу мен Ақжігіттен шыға басталып, оңтүстіктегі түрікмен жеріне сұғына кіріп, Қырықсегіз тепседен аяқталып, ал батысы Қараған Босағадан шығып,қарақалпақтың қасқа жолына тірелетін ұлан ғайыр дала Үстірт жоны болып табылады. Оңтүстігінде Қожантай, Ботақан,Алтынтапқан, Түзелбай, Жаңбыршы құдықтарының үстімен Қара елді мекеніне қарай татылған шекарада қарақалпақ пен Маңғыстау малшылары жылма жыл көктем шыға кездесіп жатады.

Үстірт жонына Қаратүлей, Есенқзақ, Елтеже, Шылпық,Ақсексеуіл, Бексеуілдің түлейлері орналасқан.Түлейдің өзі және маңайлаған жердің топырағы бос, сортаң тартып, соған сәйкес шөбі де бұталы күйректеу келеді.Үстірт жонының құйқалы жері негізінен Көкесем құдығынан басталып Сарықамыс бағытына қарай созылып жатқан Мұзбел жотасынан терістікке

қарай, сондай ақ жақын деген Сыпыра шың ернегінен бастап Үстіртке қарай есептегенде 50-70 км –ге дейінгі Қарнау деп аталатын жердің жайылысы құнарлы болып келеді.

Оңтүстік Үстірт жоны мен Солтүстік Үстірт жонын Сам және Матай құмдары бөліп жатыр. Сам және Матай құмдарының терістігінен басталатын солтүстік Үстірт жоны батысында Қаракұм, Жем ойпаты мен терістігінде Шалқыр, шығысында Борсықтың құмы мен Арал теңізіне тіреледі.

Геологиялық құрылымы мен пайдалы қазбалары. Маңғыстау жер қыртысының құралымы негізінен пермь, триас, юра, бор дәуірі шөгінділерінің нәтижесінде пайда болған әр түрлі жыныстардан тұрады. Маңғыстау жерін Каспий теңізінің жартылай қоршап жатуы және оның деңгейінің бірде жоғарылап, бірде төмендеуі маңысында орналасқан аймақтардың ауа райына немесе өсімдіктер дүниесіне ғана емес, геологиялық құралымына да айтарлықтай әсер еткені даусыз. Түбектің кез келген бұрышынан мұнай мен газдың атқылауында бір кездегі осы аймақты қымтай құшағына алып, кейін тартылып қалған Тетис мұхиты мен оның қазіргі замандағы көзі Каспийдің атқарар орны орасан зор. Сондықтан да көрер көзге сайрап жатқан геологиялық түзілімдердің көпшілігі бұл аймақтың түгелімен су астында жатқан көне дәуірмен тұстас келеді.

Палеозой дәуірінің соңымен мезозой дәуірінің бас шамасында пермь, триас кезеңдерінен қалған құм, тас, саз, сланец, көк сұр әк тастар қазіргі Қаратау баурайларынан жиі кездеседі. Батыс және шығыс Қаратау мен оның сілемдері сол пермь және триас кезеңінің шөгінділерінен түзілген ежелгі жыныстары болып табылады.

Юра кезеңінің қалдықтары құм, саз, карбонатты жыныстар күйінде түбектің өне бойынан түгел табылады. Маңғыстаудағы юра қабаты шамамен 1300 м-ге дейін жетеді. Жетібай, Өзен кен орындарында бұл қабаттан қазірде мұнай алынып отыр.

Маңғыстауда ең көп кездесетін тау жыныстарының бірі бор кезеңінің қалдықтары. Солтүстік пен Ақтау және олардың арасындағы ірілі уақты алқаптар негізінен бор дәуірінің шөгінділер құм, тастан ақмергель бор, әктес, саз тастардан тұрады. Бор дәуірінен қалған, жел мен судың және күннің әсерінен таңқаларлық әр түрлі бейнедегі қотыр тастарды жиі кездестіруге болады.

Кайназой дәуірінің палеоген кезеңінің жұрнақтары түбектің кез келген пұшпағында кездеседі. Палеогеннің аяқ кезеңі олигоцен тұсында теңіз қайтадан тасып, Қазіргі Маңғыстау түп түгел су астында жатады. Бірақ теңіз қайтадан қайтып, тау жоталары пайда болып қара жер көріне бастайды.

Неоген тұсы кезінде Каспий оқтын оқтын тасып, Оңтүстік Маңғыстау тау жоталарын қайта қайта су басып, қазіргі ұлутастар қабатын құраан. Геологиялық жас дәуір бас аяғы ең соңғы бір млн. жыл ауқымымен шектелетін ширектік кезеңінің қалдықтары да бұл түбекте өте мол. Каспий жағалығы, Қарақия ойпаты мен Бозащы түбегі сол ширектік кезең шөгінділерінен тұрады. Жоғарыдағы көріністерге қарағанда Маңғыстауда алғашқы құрғақ жер триас

дәуірінің аяқ кезеңінде, бұдан 190-200 млн жылдар шамасында қазіргі Қаратау қыраты жатқан тұстан пайда болған.

Қалған өңір көп су астында жатқан: Қаратаудан кейін орталық Маңғыстау мен орталық Үстірт судан босаған; Бозашы түбегі тіптен беріде құрғаққа айналған деген қорытынды шығарылуда.

Сан ғасырлар бойы табиғаттың осыншама таңғаларлық мол өзгерістері Маңғыстау жер қойнауын қабат қабат қазынаға толтыра берген. Маңғыстау облысының қазба байлықтарын мұқият зерттеген ғалымдар: Б.А. Феодорович, Н.И. марковский, н.И. Андрусов және т.б.

Маңғыстау мен Үстірттегі плиоцен қалдықтары қабаттарынан аса құнды құрылыс материалдары ұлутас кен орындары көптеп шығарылуда. Өлкеде бұлардан силикат, құм, кобальт, калий, магний, ас тұздары кесек күкірт, ақ бор кендері бар.

Ауа райы. Өлке ауа райы қатал континенттік, өте құрғақ, арктикалық иран мен тұран массаларының әсері арқылы қалыптасқан. Суық кезеңдерде Батыс Сібір саласының антициклонынан келіп түскен ауа массасы басым келіп, ал жылы кезеңде орта Азия мен Иран шөлейтінен әсерінен тез ауыспалы, өте құрғақ типті климат қалыптасады. Өлкеде құрғақшылық көбіне оңтүстік аудандарда басым.

Каспий теңізінің әсер тек қана теңіз жағалауларына қолайлы жағдайды: яғни жаз айларында ауаның ылғалдығының артуы, температураның төмендеуі, жалпы жылдық, тәуліктік температураларының амплитудасының төмендеуі, күннің радиациясы мен жел күшінің мәнінің азаюы, желдің бағытының өзгеруі сияқты жағдайды туғызады. Теңізден қашықтаған сайын, ауаның салыстырмалы ылғалдығының азайғандығы айқын білінеді. Орташа температура -4-9С, шілдеде +24+29С. Жылдық ылғалдылық -100 -150мм.

Су қорлары. Маңғыстаудың қай түкпіріне барсаң да тұяғы, малшының табаны тимеген жер кем бар болмысының бұлтартпас куәсіндей сәлекей күнгедей, болмашы ынтасынды сағалаған ескінің көзі, не заманғы қара жұрттар алдыңнан шығады. Олардың бәрі бірдей тұрақты орын емес, шаруаның маусымды қонысты пайдаланған уақытша аялдамасы.

Қара жұрт маңында құдық та жоқ. Бірақ сол төңіректе тақыр мен тастақтың, қоңырдаң мен күптің, болмағанда ескі шыңыраудың жосағы табылады. Ерте көктемде ұқыпты қолмен көмілген қар суы шыңырауы аз ғана шаруаны ыссы түскенше ілдалдалайды. Маңғыстау шаруагерінің осылайша суды айрықша қастерлеп жаңбыр мен қар суларының жиналатын орнын есепке алып, оларға айрықша ат беріп айдар тағуы да осыдан. Құсымның тұраны, Қызыл тұран, Көктастың тұраны, Қамшым тұран немесе су тұратын тақырлардың аты да атадан балаға мұра болып Айранның тақыры, Құсқонбастың тақыры, Ұланақтың тақыры, Елейдің тақыры, Бәйменнің тақыры дейтін орындар бар. Ал жан-жағы тасты жарқабақ, табаны қатқыл тұйықтағы Қазан шұқыр «күп» деп аталып, оның сулары 1950-60 жылдарға дейін кәдеге асты. Маңғыстау жерінде Шаңырақкүп, Қоңыркүп, Шайтанкүп, Саураның күбі сияқты талай заман ел игілігіне жараған атақты күптер көптеп саналады.

Жер асты сулары халық шаруашылығының әр түрлі мұқтаждарын өтеу үшін ерекше орын алады. 1970-80 жылдардағы қорытынды бойынша жер асты суының қоры күн тәулігіне 850 мың текше метрден асады, ал іс жүзінде оның пайдаланатын мөлшері халық шаруашылығының өсу қарқынына байланысты өзгеріп отыратын.

Қаратау жоны. Бұлар үш бөліктен: Таушық, Батыс және Шығыс Қаратау жондарынан құралып, батыстан шығысқа қарай созылып жатыр. Қаратау сілемдерінен су алатын 20 шақты орын бар. Олардың ішіндегі ең ірілері: Тұщыбек, Шайыр, Шетпе, Қарақұдық, Оңды, Жармыш, Ағашты, Аусары, Күркіреуік, Керіз, Долыапа.

Ұланақ аңғары. Ұланақ аңғарының бірінші қабатының суы тұщы, екінші, үшінші, төртінші қабаттарының суы 150-240 м тереңдікте жатыр, суының ащылығы азырақ (3г/л дейін). Жалпы қоры 220 л/с шамасындай.

Басқұдық құмы. Жер көлемі 150 шаршы км Басқұдық құмы аумағы Бекі Басқұдық солтүстік қанатын алып жатыр. Мұның барлығы жері сулы болып келмейді, тек терістік айпаттары ғана сулы болады.

Солтүстік Ақтау артезиан бассейні. Аталған сулы аумақ батыс және шығыс Қаратау жондарның солтүстік жағына орналасқан, жалпы аумағы 500 шаршы км. Оның ұзындығы 100, ені 40-50 шақырым шамасында.

Сам құмы. Сам құмы Үстірт жонының солтүстік жағын алып жатыр. Оның жалпы аумағы 2320 шаршы км шамасында, ұзындығы 70-80 шақырым.

Қызылқұм сулы аумағы. Қызылқұм сулы аумағы Бозащы түбегінің орталық бөлігіне орналасқан. Жалпы көлемі 800 шаршы км астам ауданды алып жатқан құмды аумақ. Ұзындығы 40, көлденеңі 4-10 шақырым шамасында. Құмды аумақ түгелге жуық сулы.

Құмсауысқан сулы аумағы. Құмсауысқан – Бостан сулы аумағы Басқұдық құмының шамасына орналасқан, сулы қабаттың көлденеңі 4-5, ұзындығы 29 шақырымға созылады, ал қалыңдығы 0,4-21,5 метрге дейін өзгереді. Құмды аумақтың көп бөлігінде су тұщы және алғаулы болып келеді.

Түйесу құмы сулы аумағы. Түйесу құмының жалпы ауданы 180-190 шаршы км. Оның сулы қабаты батыстан шығысқа қарай 22-24 шақырымға, ал көлденеңі 1,5 -6,8 шақырымға созылады.

Құмды мүйіс. Исан түбегінің сүйірлене барып теңізге сұғына кірген тұмсығы Құмды мүйіс Құрық кентінен 25 шақырым солтүстік батысқа қарай орналасқан. Кен орны екі қабатты сулы қабаттан тұрады. Түбектің оңтүстік жағалығын бойлай тұзды ортада қалқып таралған құм маңында тұщы су созылыққылы линза тәрізді болып жатады. Құмды жамылғының қалыңдығы 1,5-13,5 м, көлденеңі 3 км және ұзындығы 10 км-ге дейін созылады.

Кетік аңғары. Кетік аңғарында су жиналатын алқаптың ауданы 190 км/шаршы м. Тұщы және алғаулы жер асты суларының мол қоры аңғардың арна бөлігіне тура келеді, бірақ онша емес (1,5 км-ге дейін) тілімделген, оның қалыңдығы 14,0-тен 63,9 м-ге дейін жетеді.

Үстірт жоны су көздері. Арал теңізі мен Каспий теңізінің аралығында Сам құмы мен Қартүлей, Есенқазық, Елтеже, Шылпық, Ақсексеуіл түлейлерін

ортасына алып жатқан байтақ дала Үстірт жоны Маңғыстаудың жазғы мал жайылымы болып табылады. Мұндағы жер асты су көздері шахталы түтікті құдықтар арқылы бір кездердегі шығырдан бастап қазіргі замандағы күрделі, әр түрлі су көтеру механизмдерінің көмегімен шаруашылық мақсатқа пайдаланылады.

Төңірекшің көз аумағы. Бұл аумақтың суының тұздылығы 1 л-де 3 г-ға дейін болып, жалпы көлемі 1,5 мың шаршы км жерді алып жатады. Суы 550-700 м тереңдіктен 50 м.

Топырағы. Маңғыстаудың жері биоклимат жағдайына қарай шөлді ландшафты аймаққа жатады. Аймақтың топырағы негізінен өсетін өсімдігі және топырағының түсі мен беткі қабатына қарай екі аймаққа бөлінеді. Оның біріншісі қоңыр топырақты солтүстік сортаң жусан өсетін далалық шөл аймақ және сұр қоңыр топырақты, ерте кура өшіп кететін раң тәріздес өсімдік және ащылы шөп бұта тектілер өсетін орталық шөл аймақ. Қоңыр

Топырақты аймақ облыстың солтүстік жағын алып жатыр. Тұздану, сортаңдану дәрежесіне және қарашірік қабатының қалыңдығына қарай топырақтың сұр қоңыр, сортаң, сор сортаң, сорлау, сор, қоңыр топырақтың су шайып бүлінген және нашар дамыған түрлері көзге түседі. Аталған топыраққа негізінен жусан өседі, қарашірік қабаты жоқ десе де болады. Қоңыр сортаң және аздап сор сортаң топырақты учаскелерді әр түрлі ауыл шаруашылық дақылдарын егуге пайдалануға болады. Тек екінші рет тұзданып кетпеуі оны суармалы ету және басқа да шараларды жүзеге асыру керек.

Сұр қоңыр топырақты аймақ Қарақия ойпатының оңтүстігінен бастап, Маңғыстау жазығының көпшілік бөлігін алып, жатыр. Сондай ақ топырақтың бұл түрі Үстірт жонының топырақтың бұл түріне көбіне бұйырғын мен тітір, сондай ақ сояұлы, биік, бөрікбас, ақ жусан, сиректеу күйреуік өседі.

Шабындық қоңыр топырақтың аздап тараған жері таулы Мағыстау. Бұл топырақ тау араларында, сондай ақ суффузиялық баулық және карсты минералданған, аздап тұщы ыза суының әсерімен, атмосфералық нөсер жауын шашынның ағысы есебімен бетінің қосымша ылғалдануына байланысты болады. Ондай жердің қабатына хлорид пен сульфат жиналады да, ыза суы өте ащы болып келеді.

Өсімдігі. Маңғыстау өлкесінің өсімдіктер дүниесін зерттеу жұмыстары ерте кезден басталып, 150 жыл бұрын ботаник және әуесқой табиғат зерттеушілері: А.И. Шренк, И.Г. Борщов, П.П. Семенов Тянь Шанский, И.А. Северцов, Эйхвальдтардың еңбектері арқылы ғылымға белгілі бола бастады. Оның ішінде 1825-26 жылдары жарық көрген Эйхвальдтың Каспий теңізінің Маңғыстаудан Шағадамға дейінгі жағалауындағы өсімдіктер дүниесі туралы еңбегі айрықша маңызды. Г.С. Карелин 1832 дылы Каспий теңізінің терістік шығысынан камал салу үшін қолайлы орын іздей жүріп, Маңғыстаудың өсімдіктер дүниесі жөнінде құнды «Арал Каспи аймағының ботаникалық географиясына материалдар» атты еңбегінде Маңғыстау жарты аралының өсімдіктер дүниесі жөнінде көптеген ескерпелер жасалды.

Маңғыстаудың құмды аймақтаы мен Үстірт жонындағы түлейлерде, сондай ақ, Сам, Матай құмдарында: сексеуіл, жүзген, жыңғыл, қоянсүйек, ақшатау, шағыр, құсқонбас; Орталық Үстірт жонының шығыс, терістік шығыс бөлігінде баялыш; тау бойы мен Түпқараған аймағында және Оңтүстік Маңғыстау жазығының ойпаң тұстарында қарағаш, қаттықара, қараған, түйесіңір өседі. Сонымен қатар, жердің бедері мен құрылымына, топырағының ащы, тұщылығына қарай теріскен, күйреуік, жантақ; құм жағаларында сүттіген, Бозащы түбегінің теңіз жағалауында сораң мен садақ; Оңтүстік Маңғыстау жазығының үштен екі бөлігінде тітір шөбі өседі. Итсигек пен адыраспан, құртқашаш пен сүйіген көбіне елді мекенде немесе мал көп жайлаған тұяқкесті жерлерде кездеседі.

Еркек, боз, бидайық, ақ шөптер көбіне құмды аудандар мен Бозащыда, Түпқараған жазығында кездеседі.

Маңғыстаудағы жайылымның негізін құрайтын басты мал азығы жусан. Жусан аймақтың барлық жерінде өседі. Жусаннан кейінгі төрт түлік малдың талғамай жейтін шөбі күйреуік. Қоныссыз жылдары күйреуік жақсы шықса, малшы қауым жусанды көп іздемей, қанағат тұтады. Ал бұйырғынды көктемей тұрғанда, не шала көктеу кезінде, сода кейін күз, қыс қарсаңында жақсы пайдаланады. Сондай ақ, изен, жапақ, тітір, жантақ барлық жерде біркелкі кездесе бермейтін шөптер, бірақ төртеуінің де маға жұғымдылығы, қоректік сапасы өте жоғары.

Маңғыстауда тұрақты қоныс бола бермейді. Қысы қарлы, көктемі жылы желсіз, жазы жаңбырлы болған жылдары шөптің қай түрі де: қызғалдақ, сарғалдақ, раң, мортық, сіркеқара, беде, мысыққұйрық, аққайың, жауылша, қазтабан, шытыр, қоңырбас, сіңбірік, қоянжын; таулы жерлерде: киікоты, ерқұны, қына, түйежапырақ, қызылша; ащылы жерлерде: көкпек, домалатпа, түйеқарын, алабұта, кекіре, торғайот, балықкөз қаптап шығып, дала құлпырып кетеді. Бірақ, бұл сирек, 7-10 жылда бір кездесетін өзгермелі құбалыс.

Емдік шөптер. Маңғыстаудың байтақ даласында кездесетін са алуан өсімдіктер дүниесінде емдік шөптердің алатын орны ерекше. Өз заманында өмір талабына сай Маңғыстауда кездесетін емдік шөптерді іздеп тауып, қажетіне жарата білген Қожық, Айтқұл, Қойсары сияқты халық емшілері болған.

Маңғыстауда емдік шөптің қоры өте көп, олар болашақта мұқият зерттеуді қажет етеді. Осыған орай Маңғыстау даасының табиғат жайылымында өскен малдың етенің ерекше дәмді болуы тегін емес.

Маңғыстауда кездесетін бірқатар емдік шөптер: адыраспан, а тұт, бәйшешек, бозжиде, жантақ, изен, киікоты, көккекіре, көкпек, қаражусан, сүттіген, тобылғы, томар бояу.

Жануарлар дүниесі. Маңғыстау өңірінің миллиондаған жылдармен өлшенетін тарихы, соған сәйкес, сан алуан табиғат жаратылыстары мен жануарлар дүниесінің болғаны белгілі. Сармат дәуіріне тән хайуанаттардың сүйектері Кетік қаласы Ұлутас кен орнының 20-30 метр тереңдігін табылған. Ол ұзындығы 1,5 метрден аспайтын ергежейлі кит сүйектері. Сондай ақ, қанжар іспеттес, әлі эмалын жоймаған акула тістері тау баурайларында, бұрынғы теңіз

жағасы болған қосқат жарқабақтада кездеседі. Қараған тау шатқалдары мен бірқатар кебірлі баурайларында ірі динозавр,ихтиозавр сүйектері Таушық маңындағы Апажар қосқанатынан ұшырасады. Ал қазіргі кезеңде Маңғыстаудың қай түкпірінен болса да тіршіліктің маусымдық ерекшеліктеріне байланысты: хайуанаттардың, бауырымен жорғалаушыларың, сүт қоректілердің, кемірушілердің, жыртқыш аңдар мен құстардың шөл далаға тән өкілдерін кездестіруге болады. Олардың ішінде:кірпі, дала тасбақасы, кесірткелер, жыланбас пен улы қарашұбар жылан, оқ жылан, су жылан, құм жылан, сарыүйек, ешкімерден бастап, дала ташқандары: қосаяқ, саышұнақ, күзен, қарсақ, түлкі, қасқыр жиі кездеседі. Ал мәлін, борсық, қаракұлақ өте сирек ,оларды шағайдағы қалындақтар мен мемлекеттік қорықтардан ғана кездестіруге болады.Сондай ақ, көктем шыға келетін кішкентай көк және сары шамшықтар мен күзгі салқындықтың хабаршысы суық торғайдан бастап, дала құстарының үйреншікті түрлері: қарға, бозторғай, қараторғай, шыл, жек, қарлығаш, көкек пен мен әр түрлі қаракұстар, дала бүркіттері кездессе, теңіз жағалауымен аралдарда: қасқалдақ, үйрек, шағала, торақаз, қоқиқаз, аққу сияқты су құстары мекен етеді. Ақтау қаласы маңындағы Қаракөл заказнигінде жоғарыда аталған су құстарының бір сыпырасын кездестіруге болады.Сондай ақ,Бозащы, Ембі заказнигі мен Үстірт Қарамая,Кендірлі қорығының таулы, шынды жерлерінде арқар;Жазық,Жайылма қоңырлықтарында қаракұйрықтар мекен етеді.Ақтау қаласы маңындағы Қаракөл заказнигінде жоғарыда аталған су құстарының бір сыпырасын кездестіруге болады.Сондай ақ,Бозащы,Ембі заказнигі мен Үстірт Қарамая,Кендірлі қорығының таулы, шынды жерлерінде арқар;Жазық,Жайылма қоңырлықтарында қаракұйрықтар мекен етеді.Бозащы түбегінің терістігі мен терістік шығысы, қарағайлы Кент,, Тасорпа бетінде Үстірт жонындағы түлейлерде,Сам,Матай құмы төңірегінде киіктер жиі ұшырасады. Құмды, арымды жерлер мен бұйраттарда қоян өседі.Негізінен: арқар мен қаракұйрықты, киіктер мен қоянды Маңғыстау аймағының қай түкпірінен қай түкпірінен де кездестіруге болады.

Бір ерекшелігі түбектің шөл шөлейт даласын мекендейтін жауарлар дүниесінің қай түрі болса да, түрі, түсі, іс қимылы, күнкөрісі тіршілік еткен ортасына қарай қалыптасқан. Айталық, тасбақалар жылдың төрттен үш бөлігінде ұйқыда жатады, ал төрттен бірінде көктемде жарық дүниеге шығады, сол азғана уақыт ішінде жылдық азығын май түрінде денесіне жинап үлгереді.

Немесе шағыл құмдарға қожалық ететін құлақты, домалақбас кесірткелер жауынан қорғанда денесін дірілдету арқылы шағылға сіңіп жоқ болады. Кейде тек басын шығарып қойып құм астында ұйықтайды. Дала жыладарының сыртқы түрі жердің өңіне ұқсас, оларды қозғалмай жатқанда байқпу қиын.

Қазақ жерінде кездесетін он тоғыз түрлі жыланның төртеуі ғана улы,адам өміріне қауіпті.Олардың ішінде Маңғыстау жерінде кездесетіні кәдімгі қарашұбар жылан, кәдулі оқ жылан.

Үй жануарларынан жергілікті халықтың өсіретін малдары:кәдімгі қазақтың тұсайыр түйесі, адай тұқымды жылқы, қаракөл қойы, жеке қожалықтарда сиыр, ешкі түлектері.Бұладың ішіндегі Адай жалқысы мен қазақтың тұсайыр түйесі

ғасырлар бойы түбектің табиғи ерекшелігіне сай қалыптасқан, өміршеңдігі мен экономикалық тиімділігі жоғары тұқымдық қор болып есептеледі.

Топонимдер қалыптасуының тарихи және теориялық негіздері

Алғашқы қауымдық құрылыс кезеңіндегі адамдар өмір сүру үшін күрес үстінде өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, өсімдік, жануарлар дүниесімен тікелей қарым қатынасқа түсті. Олар күнкөріс пен тіршілік жағдайында жер суға, табиғат құбылыстарына тәуелді болып келді. Сондықтан олар, ең алдымен өздерін қоршаған ортаның қыр сырын, тыныс тіршілігін ұғынуға тырысты. Сөйтіп, адамдар көне замандардан бастап өздерін қоршаған дүниенің тау тасына, өзен көліне, орман тоғайына, тұз даласына, ой қырына ат қойып айдар таға бастады. Алғаш пайда болған атаулар күрделі сипатта болған жоқ. Олар әдетте жеке сөздерден тұрды және ол атаулар қайталанып та біріліп отырды. Бірте бірте ол сөздер географиялық терминдерге айналды. Жалқы есімдер адам санасының дамуымен бірге күрделеніп, екі немесе одан да көп сөздер тіркесінен құрала алатын дәрежеге жетті. Ондай күрделі атаулар құрамында о баста жеке бір объектінің атауы ретінде пайдаланылған өзен, көл, тау, дала, су сияқты сөздер қолданыла бастады. Бара бара таңбаланып объектінің атауы ретінде оның сын сипаты, сапасы және басқа да көптеген қасиеттері негіз бола бастады. Бұл қай ұлттың болмасын топонимиясының қалыптасуына тән ортақ заңдылықтар.

Топонимика. Ономастиканың жер су, елді мекен атауларының шығуы мен пайда болуын, мағынасын, құрылымының дамуын, таалу аймағын, қазіргі жағдайын, грамматикасын, фонетикалық пішінін, жазылуы мен екінші бір тілде берілуін зерттейтін құрамдас бөлігі.

Жер су аттарының шығуы, қалыптасып дамуында лингвистикалық факторлармен қатар табиғат құбылыстарының, жер бедері мен көрік келбетінің ерекшелік сыр сипаты, бейне көріністері, қоғам өміріндегі тарихи, әлеуметтік экономикалық және саяси өзгерістердің жай жапсарлары тайға таңба басқандай анық та айқын көрініс береді. Олар өткен өміріміз бен тірлік болмысымыздың рухани байлығына тән мәдени ескерткіш ретінде ғана құнды емес, бүгінгі таңда да стратегиялық тұрғыдан зор мән мазмұнға ие. Өйткені әрбір қоғам өмірі тарих деңгейінде қандай да болмасын, жер су аттарының қатысынсыз болған емес. Олар заман ағымына сай толысып, қазіргі өмірімізде де ерекше қызмет атқаруда.

Республикамызда миллиондағын жер су аттарының сыр сипаттары мен қойылу себептері, аталу заңдылықтары, тарихи даму жолдары ғасырлармен үндес жатыр. География мамандарының болжамына қарағанда республикадағы жер су аттарының саны орта есеппен бер шаршы шақырым жер бір атауға ие деп есептегенде, кемінде 2,5 миллионға жуық көрінеді.

Бұған данышпан Мұхтар Әуезовтың: « Біздің қазақ жер аты, тау атын ертеде сол ортаның сыр сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда қандай бір өлкеге барсаңда, жер, су, жапан дүзде кездескен кішкене бұлақ

Атының өзінде қаншама мән мағына, шешілмеген құпия сыр жатады» деген сөзі толық дәліл ақ. Ұлан байта жеріміздегі осыншама атаулар талай ғасырдың кәрі шежіресі дерлік.

Топонимика география тарих, тіл білімі, этнология ғылымдарының деректеріне сүйеніп, өзара байланыста дамиды. Кез келген аумақтың географиялық атауларын жиынтығы сол жердің топонимиясын құрайды.

Маңғыстау облысы аймағындағы топонимдер екі үлкен топқа бөлінеді. олардың бір бөлігі ірі географиялық объектілер атаулары болса, екіншісі кіші объектілер атаулары болып саналады. Бұларды ономастикалық ғылыми терминмен макротопоним және микротопоним деп атайды.

Макротопонимия. Халыққа кеңінен танылып, ресми тұрғыдан белгілі болған ірі физикалық географиялық объектілер аттары. Макротопонимдер сол территориядағы табиғаттың көріністеріне және байлықтарына, оның ландшафтарына, жер бедеріне, шаруашылығына байланысты болады.

Ал **микротопонимия** белгілі аумақтың тән ұсақ физикалық географиялық объектілердің, яғни өзен мен көлдердің, көлшік, бұлақ пен бастаулардың, құдық пен жылғалардың, жыра мен сай салалардың, жота мен төбе, төбешік, қыр қыраттарының, шабындық пен пішендіктердің, қыстау мен жайылымдарының аттары. Бұл макротопонимдер және микротопонимдер деген терминдерді тіл біліміне алғаш рет А.В.Суперанская және Э.М.Мурзаев қолданды.

Маңғыстау облысы топонимдерінің ішінде сан жағынан молы да, көбі микротопонимдер. Олардың өлкеде мейлінше болуының заңды себебі де бар. Маңғыстау облысы табиғат жағдайлары өте алуан түрлілігімен ерекше. Әрқайсысының өзіне тән табиғи жағдайларымен өзгеше келетін көптеген ландшафтар табиғи немесе ландшафттық зоналар болып топтасады. Ал табиғат зоналарының әрқайсысы ұзақ созылған табиғи эволюция процесінде қалыптасқан және белгілі бір климат жер бетінің су және жылу режимі қасиеттерімен, топырақ өсімдік жамылғысымен, жануарлар әлеміне тән ерекшеліктерімен, топырақ өсімдік жамылғысымен, жануарлар әлеміне тән ерекшеліктерімен сипатталады. Маңғыстау облысы аймағының жер беті жазық далалар мен шөлді құмдар, өлкенің ландшафтарының көпшілігінің табиғи бейнесі адамның шаруашылық қызметі жоғарғы дәрежеде қызмет етеді.

Топонимдердің, әсіресе, эндонимдердің ең негізгі қасиеті олардың тұрақтылығы, сол үшін де мұндай атаулар адамзат тарихы, мәдениеті және тілі жөнінде көне ғылыми мәліметтер береді. Мысалы, географиялық атаулардың құрамын зерттеу сол аймақты ежелгі заманда қандай тайпалар, халықтар мекендегенін анықтауға, олардың өткен тарихының ерекшелігін қалпына келтіруге, тараған жерінің шекарасын белгілеуге, орын ауыстыру, бағытын шамалауға, бұрынғы мәдени және экономикалық орталықтарын, сауда жолдарын, т.б. білуге болады. осы мағынада топонимдер тарих, этнология, археология және тіл біліміне нақтылы мағлұмат береді.

Географиялық атаулардың пайда болуын, мән мағынасын айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктер мен өзгерістерді зерттейтін топонимика ғылымы өз ішінде өзара байланысты бірнеше салалардан тұрады:

- ороним – жер беті бедерінің кез келген атауы;
- зооним – жануар атауларынан пайда болған атаулар;
- фитоним - өсімдік атауларынан пайда болған атаулар;
- антропоним – кісі есіміне қойылған атаулар;
- геолоним – баптақ атаулары;
- гляционим - мұздық атаулар;
- дримоним – орман массивтерінің атаулары;
- этнонимдер - ру, тайпа атаулары;
- мифоним – аңыз, әңгіме, эпостардағы қиялдан туындаған атаулар;
- спелонимдер – үңгір атаулары;
- некронимдер – қорған атаулары;
- инсулоним – арал атаулары;
- ихтоним –балық атауларынан пайда болғана атаулар;
- орнитоним – құс атауларынан пайда болған заттар;
- геоним – тек, ген, ұрпақ кезеңінің атаулары;
- космоним – онимнің түрі, галактика мен ғарыш денелерінің, жұлдыздар мен жұлдыз шоғырларының атаулары;
- ойконим - қала, елді мекен атауы;
- хороним – топонимның түрі, табиғи әкімшілік аумақтық бірліктердің атаулары;
- геоним - кен байлықтарының атауларынан пайда болған аттар;
- гидроним – су нысандарының саатулары, гидронимнің өзінен салаішілік келесі бағыттарды бөліп көрсетеді;
 - лимниним – көл аттары;
 - потамоним – өзен аттары;
 - бұлақ аттары;
 - құдық аттары;
- Урбоним – қалаішілік нысан атаулары, урбанонимның өзінен салаішілік ткелесі бағыттарыды бөліп көрсетеді;
 - годоним - көше атаулары;
 - агороним – алаң атаулары;
 - эмпороним – дүкен атаулары;
 - дромоним - жол қатынасы тораптарының атаулар

Топонимика тіл тарихын зеттеуде маңызды дерек көзі болып саналады. Өйткені кейбір топонимдер архаизмдер мен диалектизмдер тұрақты сақтайды, көбінесе олар сол аумақты мекендеген халықтың субстрат тілдерінен бай мағлұмат береді. Топонимдердің халық берген дұрыс нұсқасын барлық жағдайда және басқа тілдерде дұрыс жазылуының маңызы зор. Жергілікті географиялық атауларды басқа тілдерге қатесіз берудің іс жүзіндегі жолы, транскрипция және транслитерация әдістері болып табылады. Бұл әдістердің географиялық нысандары картаға, атласқа түсірілгенде, түрлі әдебиет,

бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінде және коммуникацияның барлық саласында олардың атауларын дұрыс жазуға көмектесетіні анық.

Маңғыстау түбегінің құрлықаралық көш керуен қозғалыстарына, әлемдік қа айналым процесіне ілігу мезгілі ерте замандарға саяды. Бір жағында Орта азия,шығыс Түркістан,Қытай,Иран өркениеттері мен Азиядағы үндіеуропалық мәдениеттің ежелгі орталығы Тарим бассейні, екінші жағында ежелгі грек мемлекеттері заманынан ірі сауда орталықтары саналатын Қара теңіз,Кавказ және қаулап өсіп келе жатқан Еділ бойы мемлекеттерінің арасындағы ұрымтал тұста жатқан Маңғыстау мен Үстірт ежелгі дүниенің экономикалық қан айналысынан тысқары қала алмады.

Ежелгі Византия мен Таврида,Кавказ бен Хазария,Еділ Бұлғариясы мен Орыс мемлекетінің Хорезммен ,Орта Азиямен,Қытаймен,Индиямен,Таяу Шығыс елдерімен үзбей сауда жасап тұрғаны тарихтан белгілі.Шығыс тарихшысы әл Истахридің 930-933 жж. Шамасындажазылған «Китаб месалик әлмемалик» атты кітабында мұсылман елдері мен Хазарар елі арасындағы сауда жолы өтетін Каспий теңізі маңындағы бірден бір үлкен елді мекен Сияк Кук түбегі екендігі айтылады. Түбекте бұлақтар, ағаш,ну шалғын өскен оазистер бары және сол араға жуырда түрік тайпаларының бірі кеп қоныс тепкені, олардың желге ығып кетіп, апатқа ұшыраған сауда кемерін тонап кәсір өтетіні айтылады. Ал, одан екі ғасыр кейін өмір сүрген тарихшы Мұхаммед ибн Наджиб Бекран Хорезмшах Текешке арнаған « Джахан намә» кітабында Маңғыстауды жайлайтын түріктердің өз ханы ба екенін жазады.

Маңғыстау қазақ халқының және оның ата бабалары Дала көшпелілерінің көне заманнан қоныс тепкен жері, яғни аа мекені.Ол әр кезеңде әр түрлі атауға ие болғанымен, ежелден қоныстаған белгілі өңір.

Біздің заманымызға дейінгі 129 жылы із шалған Шығыстан Батыс елдеріне бет түзейтін « Ұлы Жібек жолының» бір тармағы ретінде Маңғыстау түбегі мен Үстірт арқылы өтетін керуен жолы пайдаланылапты.Атаған Ғ.Қ.Қоңқашбаевтың топонимикалық еңбектері жаңа зерттеулерге жол салды.1949 жылдың өзінде қазақ географиялық терминдерін зерттеу, топтастыру негізінде кандидаттық диссертация қорғаған Ғ.Қ.Қоңқашбаев Қазақстан география топонимиясын дамытуда үлкен үлес қосты.Кезінде Ғ.Қ.Қоңқашбаев бастап кеткен жоспарлы топонимикалық зерттеулер ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының География институтында жүзеге асырылуда.Бұл институт қызметкерінен тұратын топонимикалық топ географиялық атауларды жинақтау, топонимикалық сөздік құрастыру және Қазақстан картасының қазақ жер су атауларымен үлкен масштабтағы карталар шығару бағытында жұмыс жүргізуде.Қазақ тіліндегі ғылыми географиялық терминологияның қалыптасуында географтар құрастырған терминологиялық сөздіктердің ғылыми қоры біздің жұмысымыз үшін де маңызы зор деректер береді.

Адамдар өзлерін қоршаған ортаны, ондағы түрлі объектілерді белгідеу барысында туғызатын көптеген жаңа атауларына арқау болған күнделікті тұрмыс тіршілігіне қажетті әр түрлі құралдардың атаулары тұрмыс тіршіліктің, кәсіпшілік пен шаруашылықтың көріністерін құнды мәлімет берсе, наным сенім,

түсінік пен тіл шеберлігінің негізінде қалыптасқа атаулар ұлттық таным түсінік тұрғысынан бастаулардың бірі болып табылады.

Бай халық қазынасының осы күнге дейін зерттеушілер назарын аударып, халқымыздың ғылыми тілінің жасалуына негіз болуының өзін тарихи феномен деуге болады. Бұл жөнінде 1910 жылы шағатай тілінде жарық көрген «Тауарих и хамсий шарқит» кітабында Қ.Халид былай жазған: «Менің өте таң тамаша болатыным қазақ оқымаған халық деген лақап айтылады. Ал жағрапия, астрономия сияқты арнаулы пән оқымай білуге қиын соғатын жердің белгілерін айырып, соған дәлме дәл ат қойып сөйлейді»...

Қазақтың географиялық терминдердің ғылыми әдебиеттер бетінде жарық көруіне Орыс Географиялық қоғамы ұйымдастырған ғылыми экспедицияларының есептері мен жолжазбалары белгілі жәрежеде ықпал еткен. Қазақ жеріндегі географиялық атаулар 1863-1885 жылдары жарық көрген П.П. Семеновтың «Россия империясының географиялық статистикалық сөздігінде» де жинақталған. Бұл еңбектің ерекшелігі топоним құрамындағы географиялық терминдер сызықша арқылы бөлініп жазылған. Мұның өзі қазақ тіліндегі жазылу нормасына сәйкес келмегенімен, орыс тілінде оқытындар үшін қазақ терминдерін айрықшалаудың бір жолы болғанға ұқсайды. Сөздікте терминнің қазақшадан аударғандағы мағынасы жақша ішінде берілген. Бұл сөздіктің қазіргі география, топонимика ғылымдары үшін маңызды атаулардың тізімін, мағынасын беуімен ғана емес, объектінің географиялық ерекшеліктерін қысқаша сипаттауымен құнды. Мұның өзі көптеген қазақ топонимдерінің мәнін түсінуге, мағынасын жан жақты талдауға мүмкіндік береді.

Ресми атауларды ешкім де қоя салмаған, олар стихиялы түрде пайда болды. Кейбір атаулар бірден пайда болды. Кейбір топонимдер жүйесінен де осы процесті анық байқауға болады. Географиялық атаулар қоғамдық құралыс. Олар аталған объектінің құрамдыс бір бөлігі болып есептелмейді. Жер су аттарының өздері белгілейтін объектінің сапасын сипаттауы топонимдердің географиялық қасиетінен ғана туындамайды, олардың қоғаммен қатысына да байланысты. Сондықтан әрбір атаудың этимологиялық тұрғыдан қалыптасу себептері мен жолдарын көрсету ғылыми маңызды мәселе. Ал ол себептер көбінесе, тарихи сипатта келеді.

Қазақ топонимиясында сан ғасырлық көшпелі мал шаруашылығының доминантасы өз ізін қалдырды. Зерттеушілер көшпелі мал шаруашылығы өркендеген түркі монғол халықтарында географиялық терминдердің аса бай, жіктелген сипатта жинақталғандығын ерекше атап өтеді. Ғ.Қоңқашпаевтың мәліметтеріне сәйкес, қазақ халқының 600 географиялық термині бар және Қазақстандағы жергілікті топонимдердің жартысына жуығы халықтық терминдер негізінде жасалған.

Географиялық атаулар құрамындағы халықтық терминдер мен оларға жалғанған әр түрлі өсімдік, етістік тұлғаларда сырт көзге байқалмайтын заңдылықтар бар; бұларды ескеріп, үлкен мән бермеген жағдайда қазақ тілін төл тілім деп есептейтін аамның өзі топонимнің нақты мағынасын аша алмауы мүмкін.

Табиғат жағдайларын бейнелейтін географиялық атауларды топтастырудың топонимикалық, тарихи географиялық зерттеулер үшін маңызы зор. Қазақстан топонимикасында бұл мәселе тіл мамандарының зерттеулерінде ле қозғалған. Географтар тарапынан топонимдердің табиғи ортамен байланысымен көрсететін топтамаларын жасаудың үлгілері В.Семенов Тянь Шанскийдің, Б.А.Будаговтың, Х.Л.Ханмогомедовтың еңбектерінде келтірілген. Қазақ топонимдері үшін географиялық ғылымдар тұрғысынан жасалған топтамалар жоқ. Қазақта жерінің кеңдігі, қазақ топонимиясының молдығы бұл мәселені арнайы зерттеуді қажет етеді.

Қазақстан Республикасы егеменді ел болғалы ұлттық саяси мәселелерді қазіргі талап тұрғысынан шешу үшін ономастика мен топонимикалық зерттеулерге зор талаптар қойылады. Қазіргі кезде қазақ ономастикасы, географиялық атаулардың шығу тегі жайлы зерттеу еңбектері, топонимикалық сөздіктер жарық көруде, мерзімді баспасөзде топонимика тақырыбындағы мақалалар жиі жарияланып, география, лингвистика, тарих тұрғысында түсіндірілуде. Маңғыстау облысы аймағының ландшафт ерекшеліктерін анықтайтын топонимдерді географиялық экологиялық ғылымдар тұрғысында зерттеудің жаңыбағыттарын тұжырымдауға өмір талабы мен жоғарыда аталған ғылымдардың қажеттілігімен туындайды. Қазақстанның ұлан байтақ, кең жазира даласының, ата мекен жарлерінің байырғы, ұмыт болған атаулары жайлы мәселелерді көрсету, оны ғылыми тұрғыдан зерттеу Қазақстан географиясы ғылыми алдында үлкен міндеттер жүктейді.

XXI ғасырда география саласындағы топонимикалық зерттеулердің бағыттарына қатысты мәселеде профессор Ә.С.Бейсенова мен доцент К.Д.Каймулдинова «...топонимиканың географияның басқа салаларымен қата дамыту керек екенін, Қазақстанда бұл зерттеулерге жеткілікті көңіл бөлуі қажеттігін баса айтады. Қазіргі география ғылымдарының даму тенденцияларына талдау жасау негізінде және топонимиканың қоғамдағы орнын ескере отырып, Қазақстанда топонимиканың келешекте даму бағыттарына болжам жасауға болады» деп, зерттелу жолдарын көрсетеді.

1. Ландшафтылық топонимикалық зерттеулер. Соңғы жылдары Қазақстан географтарының аймақтық ландшафтылық зерттеулерінің аясы физикалық географиялық шеңберінен шығып, географиялық басқа бағыттарымен, басқа ғылым салаларымен ақпарат алмаса бастады. Қолданбалы сипатағы ландшафтылық зерттеулер қатары өсті. Осы жағдайда жеке ландшафттар шегіндегі географиялық терминдер мен атаулардың жиынтығын зерттеу, оларға жан жақты талдау жасау маңызы зор. Көпшілік жағдайда жергілікті топонимдер ландшафт сипаын дәл бейнелейтіндіктен, ондағы өзгерістердің индикаторлары бола алады. Қазақстан ландшафтарының алуан түрлілігін және өзгеріс дәрежесін ескерсек, бұл бағыттағы топонимикалық зерттеулердің маңызы мен болашағы зор деуге болады.

2. Табиғат қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану бағытындағы топонимикалық зерттеулер. Бұл бағыттағы топонимикалық зерттеулердің қажеттілігі географияның қазіргі таңдағы өзекті мәселелерінен

туындайды. Қоғамның табиғатпен қарым қатынасының географиялық атауларда көрініс табуына қатысты. Қазақтардың табиғатты пайдалану жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде сипатталатын қоршаған ортаны қорғау дәстүрінің топонимикада көрініс табуы. Номинацияның табуация принциптерін атау арқылы сәйкес қазақ халқы ерекше табиғи, тарихи объектілерге айрықша аттар бергені анықталады. Атаулардың айрықша сипатында ежелгі қазақтардың дүниетанымына сәйкес, табиғатқа табыну арқылы оны қорғау әрекетінен жануар және өсімдік атауларын зерттеудің де тарихи география үшін қолданбалы мәне зор. Қазақстан топонимикасында өсімдік түрлерінің байырғы ареалдарын анықтауға қатысты атауларын зерттеулер бұған жүргізілмеген десе де болғандай. Сондықтан бұл бағытта ауқымды зерттеулер жүргізуі деп есептейд

3. Мемлекеттік тілді география ғылымымен терминдендіру бағыты. Бүгінгі кемел уақытымызда ту етеп көтеріп отырға мемлекеттік тілдің аясын кеңейту, қолдау мен жүзеге асырудың басты шартын оның теориялық және әдістемелік тұрғыдан нәтижесін байланыстыра қарастыру. Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заңының негізгі талаптарына сәйкес мемлекеттік тілді қолдану мен жүзеге асыруды талаптарына сәйкес тіліндегі терминологияны заман талабына сәйкес мазмұнды қалыптастырып, бір жүйеге қажеттігі туып отырған қазіргі кезеңде халықтың Ғылыми айналымға түсетін географиялық терминдердің мағыналық жағдайлары мен қолдау ауқымын терең зерттеуді қажет етеді. Соңғы жылдары мемлекеттік тілді терминдендіру ісінде жіберілген кемшіліктер осы ойымызды қуаттай түседі.

4. Халықаралық терминдер мен басқа тілден енген географиялық атаулардың мемлекеттік тілдегі дұрыс транскрипциясын қамтамасыз ету бағытындағы топонимикалық зерттеу.

Ұзақ жылдар бойы халықаралық терминдер мен географиялық атаулар орыс тіліндегі транскрипция арқылы қазақ тіліне енгізіліп, қолданылып келді. Дегенмен, Қазақстанның халықаралық қатынастарының аясы кеңіп, қазақ тіліндегі бөгде сөздергетерең талдау жүргізіп жатқан қазіргі кезеңде көптеген атаулар мен таминдер жазылып, айтылуына қатысты ғылыми таластар туындайтыны сөзсіз. Осы жағдайда шет тілдерін және қазақ тілін жетік меңгерген географтар ғылыми негізделген қорытындылар беруі қажет.

Сонымен, синтетикалық дербес ғылым саласы болып табылатын топонимикалық география, тарих, лингвистика сияқты ғылымдарға тән әдіс тәсілдерді үйлестіру мүмкіншіліктерін нақты ғылыми мәселелерді шешуге жұмылдыру керек деп есептейміз. Топонимикалық зерттеулердің маңыздылығы аталған мәселелердің қазіргі география ғылымдары үшін өзектілігі және география ғылымында осындай бағыттарды дамыту қажеттілігімен түсіндіріледі.

Аталған бағыттарды дамытудың ғылыми қолданбалы маңызы аймақтық топонимикалық зерттеулер үшін аса зор. Бұл мәселені Маңғыстау ландшафт ерекшеліктерін бейнелейтін топонимдер бірлестігін арнайы зерттеу мақсатын көздеген біздің еңбегімізге де тікелей қатысы бар.

Географиялық атаулардың зерттелуі

Қазақ халқының географиялық терминологиясы аса бай болуымен ерекшеленеді. Бұл жүйенің қалыптасу тарихы халықтың тарихмен, мал шаруашылығын ұйымдастыру сипатымен, табиғат жағдайларымен, қазақ тілінің құрылымымен тығыз байланысты болғандықтан, оны жеке-дара құбылыс ретінде қарастыру мүмкін емес.

Халықтың географиялық терминдердің топонимикалық зерттеулердегі маңызын белгілі географ, топоимист Э.М.Мурзаев былайша түйіндейді: «Терминдер – топонимиканың негізі, олар географиялық атаулардың мағыналық мазмұнын анықтайтын бөлігі болып табылады... кез келген топонимикалық зерттеу халықтық географиялық терминдерді талдаудан басталуы қажет және қазіргі, сол сияқты түбірлі жергілікті терминология міндетті түрде ескерілуі қажет». Осы тұжырымды басшылыққа ала отырып, қазақтың жер-су аттарын зерттеу, олардың мағыналық жүктемесін ажырату ісін халықтық жәнге жергілікті географиялық терминологияның кейбір ерекшеліктерін талдауға болады.

Қазақ топонимиясының күрделілігінің бір белгісі-қазақ жерінің кеңдігі мен көптігі, әрі онда орналасқан географиялық атаулардың бірін-бірі онша жиі қайталамайтындығы. Географиялық атаулардың тарихи маңыздылығы оларды мәңгілік құбылыстар қатарына жатқызады. Дүниежүзілік өркениетте бүгінгі таңда жойылып кеткен кейбір өлі тілдердің элементтері тек жер – су атауларына ғана сақтағаны белгілі. Мысалы, тарих үлесіне жататын бұлғар, хазар тілінің деректері осы атаулар арқылы бізге жетіп отыр. Сондықтан географиялық атауларды зерттеу өте өзекті және әр түрлі ғылым салаларына қатысты мәселелерді кешенді түрде қарыстыруға қажетті проблеманың бірі болып саналады.

Топонимиканың географиядағы орнына байланысты мәселеде географтар (Горбунов А.П., 1969; Колесник С.В., 1961; Маракуев А.В., 1949; Баяндин Н.И., 1949; Бірмағанбетов Ә.Б., 1971;) география ғылымдары жүйесіндегі сала ретінде қарастырады. Э.М.Мурзаевтың еңбегінде топонимика лингвистикалық, тарихи, географиялық әдіс – тәсілдерді қолданған жағдайда ғана нақты нәтижелер беретінін дербес ғылым саласы ретінде анықталды. Физикалық географиялық объектілердің атауларында халықтық географиялық терминдердің жиі кездесетінін ескерсек, географтардың топонимикалық зерттеулерге қатысуы міндетті деуге болады. Бұл «географтардың жергілікті терминологиядағы семантикалық айырмашылықтарды басқа мамандарға қарағанда жақсырақ түсінумен» анықталады. Бұл ретте Ресей Федерациясы, Әзербайжан, Қырғызстанның географ ғылымдарының жан – жақты топонимикалық зерттеулерін атап көрсетуге болады.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Облыс топонимдерін топтастыру принциптері.

Кез келген географиялық атау ең алдымен, әрбір халықтың тарихи және мәдени ескерткіші. Жылдар, оның иіріміндегі адамдар, олардың өміріндегі оқиғалар осының бәрі өткінісі. Олар қашан болса да тарихтың үлесіне тиіп, кейінгі ұрпаққа, көбінесе, топонимдер арқылы ғана жетеді. Тіпті ең жаңа топонимнің өзі көп кешікпей ақ тарих қойнауына кіреді.

Маңғыстау облысы аймағының географиялық атауларының қойылуы аумағындағы табиғатты көрінстеріне жән байлықтарына, оның ландшафтына, жер бедеріне, өсімдік жамылғысына, жануарлар дүниесіне, объектінің түр түсіне, қасиетіне, немесе сол объектінің басқа бір затқа ұқсатуға, шаруашылығына теңеуге байланысты қойылған. Өлкенің топонимінде көп кездесетін атаулар географиялық жалпы жағынып олардың негізгі ұйытқысы географиялық жалқы атаулар болып табылады.

Атаулардың қалыптасу төңірегіндегі шынайы да толық ономастикалық тұжырымдар тек таза лингвистикалық ғана емес, сонымен бірге философиялық, логикалық, тарихи, этнографиялық географиялық т.б. материалдар негізінде құрылуы тиіс. О.Т.Молчанованың зерттеуінде жалқы есімдердің қалыптасуына негіз болатын мынадай факторларды көрсетеді;

1. Тәжірибе. Қоршаған ортаны тау арқылы, сол жердің бұрын таныс емес белгілері адам санасында объектінің образы пайда болады. Атаулардың басты қасиеті негізгі белгілерінің байлаулы келеді.
2. Тілдік құралдар. Тілдік құралдар гидронимдердің қалыптасуына негіз болады. Олардың номинативтену процесі де тілдік құралдар арқылы жүзеге асады. Әрине, тіл тілде номинативтенудің көптеген әдіс тәсілдері бар. Алайда, олардың арасында тілдік құралдар ерекше орын алатынын да есептен шығармаға дұрыс.
3. Жеке және жалпы психология. Аталу процесінде адамдардың жеке және жалпы психологиясының алатын орны ерекше. Жер су атаулары қызметінде жұмсалатын сөздің семантикалық құрылымы екі компоненттен тұрады: сигнификат сөзбен берілетін жалпы ұғым; денотат сол сөзбен аталған нақты объект. Аталу процесінде сигнификат лингвистикалық ауқымынан шығып, атау мен объект арасындағы дәнекер бөлікке айналады. Атаулардың қойылу процесінде адамдар тобының және, жеке индивидумның мәні зор. Кез келген географиялық атау, ең алдымен, жеке адам арқылы жасалып, жалпылық сипатқа көпшіліктің пайдалануы арқылы жетеді.
4. Қоғамның маңызы. Атаулардың қалыптасып, бекітілуіне қоғамның тигізер әсері мол. Кез келген атаудың, соның ішінде жер су аттарының әлеуметтік мәні ерекше екендегін ешкім жоққа шығаа алмайды. Оны тарихи деректердің өзі дәлілдеп отыр. Жалқы есімдер, тілдік жүйенің негізгі элементтерінің бірі ретінде халықтық мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады. Халық арасындағы миграция географиялық атаулардың да миграцияға ұшырауына сабапшы болып отырады. Бүгінгі таңда жер су

атауларының берілуі мен өзгертілуі өте жоғары мемлекеттік құрылымдар тарапынан бақыланып отыратыны да сондықтан.

5. Сыртқы жағдай.Сыртқы жағдай атауларға үнемі әсерін тигізіп отырады.Кейде өзендер мен көлдер , орман тоғайлар жойылып, табиғатта олардың атаулары ғана қалып отырады. Әлбетте, ол атаулар белгілі бір географиялық объектінің сыртқы сипатына сәйкес қалыптасады.

Қазақ елінің тарихы бай көне өлкелерінің бірі Маңғыстау өңірі.Сондықтан да оның территориясындағы жер су аттарының табиғатын тану бүгінгі тіл біліміндегі өзекті мәселелерінің бірі болып есептеледі.Осы кезге дейін ономастика саласында Қазақстанның көптеген аймақтарының топонимиясы арнайы зерттеу нысанына айналғанымен, біз әңгіме қылып отырған өлкенің топонимиясы туралы арнайы зерттеудің әлі күнге дейін жоқтығы осы тақырыптың өзектілігін дәлілдей түседі.Ал байтақ еліміздің топонимиялық жүйесін этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу соңғы жалдарда ғана қолға алына бастаған келелі істерінің бірі.Оның негізгі мәні ұлттық тарихы мен мәдениетін бір тіркеске қарастыруда. Кез келген аймақтың макротонимдері сол жерге келіп қоныстанған, халықтың тілінде емес, керісінше, сол жердің тұрғылықты тілінде қалыптасады.Сондықтан білгілі бір аймақтың жер су атаулары сол өлкені ерте заманда мекендеген адамдар, этнос, ұлт өмірінен тұрмыс тіршілігінен, салт дәстүрінен аса құнды мәліметтер береді.

Әрбір халықтың болмысы, оның жер бетінің тыныс тіршілігі сөзбен таңбаланады.Халықтық тілдегі осындай дәйекті күрделі де бір саласы топонимдер. Топонимдердегі деректер белгілі бір географиялық ұғым атаулары болғандықтан, олар арнайы сұрыпталған лексикалық қабаттардан тұрады.Көне дәуір куәсі болып табылатын аймақ топонимдері халықтың этнографиялық қоғамдық әлеуметтік жәй күйінен, өткендігі өмір тіршілігінен әр қилы мәлімет береді. Адамзат қоғамының көп жылғы дәстүрлі түрдегі шаруашылық мәдени қызметі, географиялық орта, территорияның этникалық құрамы, тұрғындардың дүние танымдығы ерекшеліктер, тарихи жағдайлар діни көзқрастар кез келген этностық топонимия жүйесін құруда шешуші рол атқарады.

Тарихи сыр мен шежіреге толы Маңғыстау топонимдерінің құрамында да қазақтың ертедегі көшпелі өмірімен, мал шаруашылығымен , тұрмыс салтымен тығыз байланысты, облыс территориясының фаунасы мен флорасына, ландшафтына және саяси әлеуметтік тарихына байланысты көне сөздер мен сөз тіркестерінің , бүгінгі тілдегі категорияларға ұқсамайтын тұлғалардың дыбыстық ерекшеліктері мен грамматикалық көрсеткіштердің тарихи сілемдері кездеседі.Бұл құбылыстар тек синхрондық тұрғыдан ғаа ескерткіштерімен, тіл дамуының барлық деңгейін қамтитын тарихи сілемдерімен тарихи салыстырмалы, тарихи этнологиялық, этнолингвистикалық негізде зерттеліп, диахронды тұрғыдан да анықтауды қажерт етеді.

В.А.Никонова топонимдерді зерттеу жұмыстарында географиялық атауларды топқа бөлуді олардың аталу тұрғысынан қарайды. Топонимдерді зерттеуде оларды үш түрлі семантикалық типке бөлуді орынды санайды. Ғалымның пікірінше, олар:

1. Географиялық объектілердің белгісіне қарай;
2. Объектінің қай аймаққа тәндігіне қарай;
3. Арнайы қойылған атаулар;

Географиялық ортаның табиғат жағдайларын бейнелейтін географиялық атауларды топтастырудың, тарихи географиялық зерттеулер үшін маңызы зор. Қазақстан топонимикасында бұл мәселе тіл мамандарының зерттеулерінде де қозғалған. Географтар тарапынан топонимдердің табиғи ортамен байланысын көрсететін топтамаларын жасаудың үлгілері Э.М.Мурзаев, В.А.Ноконов, Е.М.Поспелов, Ғ.Қоңқашбаев, К.Каймулдинова еңбектерінде келтірілген. Қазақстан жерінің кеңдігі, қазақ топонимикасының молдығы бұл мәселені арнайы зерттеуді қажет етеді. Біздің жұмысымыз Маңғыстау облысы аймағының ландшафт ерекшеліктерін анықтайтын топонимдер болғандықтан, мәселелер Маңғыстау облысы аумағында ғана қарастырылады.

- Кеңес дәуірінде жүргізілген арнаулы комплексті зерттеулер нәтижесінде аймақтың табиғат жағдайлары мен ресурстары жөнінде нақты мағлұматтар жинақталып, осы кезеңде аймақтың байырғы географиялық атауларының кейбірі жойылып, бұрмалануға ұшырады;
- Жалпы алғанда, Маңғыстау облысы қазақ топонимиясының қалыптасуын дергілікті табиғат жағдайларын дәстүрлі дүниетаным мен шаруашылық қажеттерге орай байланысты жүрген тарихи құбылыс деп бағалауға болады;
- Маңғыстау облысы аймағының топонимикалық жүйесінде жергілікті табиғат ерекшеліктерінен хабар беретін тобы көрнекті орын алады;
- Маңғыстау облысы аумағының тарихи кезеңдерде географиялық зерттелуіне қатысты жазба және картографиялық деректерді аймақ топонимдерінің қалыптасуы мен өзгеруіне қатысты зерттеулерде пайдалануға болады

1990 жылдан бергі уақыт қоғамымыздың саяси өміріндегі ерекше кезеңдерінің бірінен саналады. Оның ең басты білгілерінің бірі ұлттық мәдени дәстүрлерімізге қайта ұмтылыс. Бұл процесс, сөз жоқ осы аймақты мекендейтін халықтың топонимикалық көзқарасының қалыптасуына да негіз болды.

Жер су атаулары табиғи ортаның тұрақты құраушыларының қатарына жатады. Атаусыз географиялық объект жоқ. Атаулар кез келген жердің, объектінің сыртқы сипатын, ішкі сырын көрсете алаы. Белгілі бір жердің, болмаса өлкенің топонимдерін зерттеудің зор мәні барын XIX ғасырдың бірінші жартысында орыс ғалымы Н.И.Надеждин : « Топонимика жер тілі, ал жер кітап, сол кітапта адамзат тарихы географиялық атауларда жазылып қалған» деген орынды пікір айтқан. Шындығында да әр атау өзінше бір сыр шерте алады. Халық оның себебін білі алмаса да, өзінің қиялымен өңдеп, жауап табады. Жазушы К.Паустовский: « Географиялық атау елдің поэзиялық тұлғалануы» деп жазған болатын. Мамандардың есебі бойынша Қазақстанның орасан зор территориясында орта есеппен 2,5-3 миллион географиялық орнау ба екен. Егер бір шаршы километрге бір атаудан келеді деп есептесек Маңғыстау облысында 150-160 мың топоним болуы керек, ал өлкенің сирек қонысталғанын ескергеннің

өзінде 100 мыңның о жақ, бұ жағында жер су атауы бар екен. Ол әлі күнге дейін жинақтала қойған жоқ.

Қазақстан топонимист географтары мен тіл мамандары әзірге 210 мың атаулық картотека жасақталған, ал түсінік бере алғандарының саны 7-8 мыңнан аспайды. «Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен» Маңғыстаудың жер су аттарының әртекті болатыны бесенеден белгілі. Қазақтар осыдан 250 мың жыл бұрын ойға түсіп, осыдан 150 мың жыл бұрын толық қоныстанып болды. Бұрынғы түрікменге дейін атауларды да, түрікмен топонимдерін де көп сақтамағанымен ұсақ төбе, сай, құдық, жайылымдарға жаңа аттар қойды. Сөйтіп, I-II ғасырда Маңғыстау мәдени жер тарабын эстетикалық жағынан байытып, толықтырды. Алайда 1930-1940 жылдары сүргінде жергілікті халық жан жақты босып кетіп, Үстірт сияқты көлемді алқаптар иесіз қалды. Ал иесіз жердің ат да ұмытылатыны белгілі. 1950-1970 жылдары сол халықтың бір бөлігін қайтып келтіргенімен, микротонимдер естен шығарып қалды. Олардың орнын « астау ой», «тұрбалы ой», «әйнекті қора» , «торғай ұшқан», «жүзадым» , тағы да басқа осы сияқты жарымжан атаулар басты.

Облыс топонимиясында табиғат жағдайларының бейнеленуі Табиғи орта және топонимдер

Адам баласы тіршілік етуінің алғашқы күнінен бастап, өзіне қажеттің бәрін географиялық ортадан, адамзат қоғамын қорғап тұрған және қоғамның материалдық өмірінің қажетті тұрақты жағдайларының бірі болып табылатын табиғаттан алып келеді. Географиялық ортадағы «табиғат» және « адам » ұғымдарының мағынасы бір бірімен етене байланысып кеткен. Адамның пайда болып, қоғамның қалыптасуымен байланысты қарым қатынастың жаңа типі құрылды: адам қоғам табиғат. Адамзат әулеті ғасырдан ғасыр, дәуірден дәуір, заманнан заман аралығында уақытта географиялық ортадағы табиғат заңдылықтарын меңгеру дәрежесінде көтере отырып, табиғат байлығын топтасып, қоғамдасқан түрде игере бастады. Маңғыстау мен Үстіртте адамзаттың көпғасырлық эволюцияның қай кезеңінің де іздерін табуға болады. Орта палеолит дәуіріндегі, осыдан 30-40 мың жылдай бұрынғы алғашқы қауым тұрақтары, тас индустриялық ежелгі металлургия жұрнақтары, керуен сарайлары мен әскери бекініс, шығырлар мен шыңыраулар, кеме айлақтары мен көне ғимараттар араласып жатқанын академик В.В.Батольд, шығыс зерттеушісі , археолог П.С.Савельев Маңғыстаудың бір кезде Хорезм мен Итиль арасындағы маңызды қатынас нүктесі болғанын, Маңғыстау түбегіндегі ескерткіштері тас камалдар мен сарайлардың ұзық уақытқа дейін сақталып келгенін анықтайды.

Адамдар қоғамының өмір сүруінің алғышарты ретінде географиялық ортаның заңдылықтарын танып, оларды адамның заттық және рухани қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында пайдалануды атауға болады. Табиғатты танып білудің құралы ретінде ойлау қызметін алсақ, ойлаудың бейнелеу әрекетін бекітуде тілдің маңызы өте зор. Осы тұрғыдан ағанда, қазақ халқы төл тілі

арқылы географиялық ортадағы табиғатты рухани игеруге қол жеткізді деп толық сеніммен айтуға болады. Географиялық ортадағы табиғат туралы ойды қазақ халқы кеңітіп, санасында белгілі бір түсініктер, абстракциялар түрінде сақтады. Себебі қазақ халқының бар өмір тіршілігіне ұдайы қажетті жағдай жасап тұратын айналамыздағы табиғат. Қоғамның дамуына қарай, табиғаттың құбылысы өзгеріп және кеңейіп отырады. Ғасырлар дамуына қарай, табиғаттың құбылысы өзгеріп және ортадағы табиғат құшағында тіршілік ете жүріп, оның сан алуан құпия сырларына көңіл бөлді және сол туралы орынды тұжырым, пікілерге келді.

Қазақ халқы ежелден мекен еткен ортысының байтақ та, жомарт табиғатын жоғары бағалаған. Халқымыздың дәстүрлі мәдениетінде дінге сенуден гөрі табиғатты пір тұтып, табиғаттың сырын ұғып, тілін білуге құштар болуы басым; қазақтар табиғатты бағындаруды, өзгертуді қаламаған, қайта кейінгі ұрпағына табиғатпен тіл тауып, келісімді өмір сүруді үйреткен. Арнаулы білімдері болмаса да географиялық ортаның өзара байланыстылығын және басқа да құпия заңдылықтарын білуге, аңғаруға зер салған. Азияда өмір сүрген көшпенділер, географиялық ортаның тылсым сырларын біздің жыл санауымыздан бұрын IX-X ғасырларда меңгере бастаған. Астрономия ғылымына көшпенді емес Әл Фараби, Ибн Сина, Ұлықбек сияқты ұлы оқымысты ойшылдар үлкен үлес қосты. Олар өз еңбектерінде табиғаттың кейбір құпияларының бетін ашып, ғылыми тұжырым жасады.

Табиғат сыры біздің ата бабаларымызға да жақсы таныс. Ата бабаларымыз келесі жылы ауа райы қалай боларын немесе жыл айларының қалай басталып қалай аяқталаны туралы, сол мезгілдегі таңның атауы мен күннің батуы, жұлдыздардың жарқырауы. Құс жолының орналасуы, Шолпанның тууына қарап болжап біліп отырған. Сондай ақ, төрт түлік малдың күй алуы, өрістен қайтуы, дыбыс шығаруы да ауа райы білуге көмектескен.

Халқымыздың мақтанышы Шоқан Уәлиханов: «Табиғат пен адам! Өзіңіз айтыңызшы, тіршілікте одан ғажап, олардан құпия не бар? Дей келе қазақтар киеге үлкен мән береді. Табиғаттағы. . . мекен жайлар мен атамекенді, кейбір жануарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қажетті заттарды киелі деп қастерлеген. Осы аталғандарды құрмет тұту, ырым жорасын жасап тұру, адам баласына байлық пен бақыт, құт әкеледі. Халық ұғымында табиғат деген сөз «қасиетті жер» деген мағынаны білдіреді деп атап көрсеткен.

Қазақ халқы табиғаттың пайдалы қазбаларын өндіріп, жерді өңдеп, жануарларды қолға үйретіп, өсімдіктердің көптеген түрлерін пайдалана отырып, өздері мекендеген жерлердің ландшафтысының бет бедерін, таулардың геоморфологиялық құрылысын, өзен көлдер суының ащы тұщылығы мен көлемін ағысын анықтайтын құбылыстарға ат қою процесі адам ізденісінің, тәжірибесінің тілдік көрінісі ретінде қарастырылады.

Тілдің танымдық рөлі оның қалыптасуынсыз « адам санасында болмыстың бейнеленуі мүмкін еместігімен» түсіндіріледі, яғни тілде « бекітілген» табиғат туралы білім адамдардың дүниетанымы мен мәдениетінің сипатын анықтайды. Сонымен тіл өзінің категориялық, философиялық теориялық мәртебесінде «

танымдық әрекеті тіркеу менжіктеудің ерекше тәсілі» ретінде көрініс береді. Тілдің аталған функциялық маңызы, біз қарастыратын мәселелер тұрғысынан алғанда, географиялық шындықты бейнелеумен анықталады. Сондықтан да қазақ халқының терминологиясы аса бай болумен ерекшеленеді. Бұл жүйенің қалыптасу тарихы халықтың тарихымен, өзі тіршілік етіп отырған табиғатты қорғау және сан алуан байлықтарын барынша ұқыпты пайдаланумен, табиғат жағдайларымен, мал шаруашылығын ұйымдастыру сипатымен, жергілікті халықтың тіл құрылымымен тығыз байланысты.

Кез келген аймақтың топонимиялық жүйесінде жергілікті табиғат ерекшеліктерінен хабар беретін атаулар тобы көрнекті орын алады. Физикалық географияның объектілерін атауда халық ең алдымен табиғат жағдайларының шаруашылық үшін маңызына қатысты белгісін таңдап алады. Бұл жөнінде тарихи география саласындағы зерттеулерімен белгісін таңдап алады. Бұл жөнінде тарихи география саласындағы зерттеулерімен әйгілі профессор В.С. Жекулин былай дейді: « географиялық атаулар әйгілі профессор жөнінен унитарлы. Олар сан ғасырлық шаруашылық әрекеттің нәтижесінде қалыптасатын табиғатқа деген көзқарасты бейнелейді» Мұның негізінде жергілікті жердегі табиғат жағдайларының басты белгілерін жер су аттарында бейнелеудің өзі сол белгілердің шаруашылық маңызымен анықталады деуге болады.

Атаулар табиғаты, оның пайда болуының себептері мен мағыналық ерекшеліктері ғалымдарды көне дәуірлерден бастап қызықтырды. Географиялық объектілерге, жер суға ат қоюдың өз заңдылықтары ба. Әдетте объектінің толып жатқан белгілерінің біреуі ғана адам үшін мәні бар белгі географиялық атау үнемі қоғамның, ортаның ой санасын, көзқарасын, қасиетін білдіреді. Жер су атаулары сол жердің қасиетін, қалпын ғана сипаттап қоймайды, сондай ақ объектінің белгілі бір сирек белгісін де көрсетеді. Мысалы: көшпенділер уақыт пен кеңістікті игеру, танып түсіну арқылы бойлық бойынша шырқай көшіп, жыл құсы сияқты ұдайы табиғаттың қолайлы белдеулерінде болып отырады, өз өмірінің тіршілік тірегі төрт түлік малын ілестіріп, қайырымы мол жер ананы өмірге қажетті мәңгілік тұрақ ете білді. Сондай өлкенің бірі Маңғыстау.

Маңғыстау облысы аймағының кейбір географиялық атаулары тарихы тым арғы дәуірлерге барып тіреледі. Мәселен, көне дәуірде адам өзінің сөз қорының аздығына байланысты географиялық объектілердің түр түсіне, теңізді де жалпы «су» деп, а шоқы, қырат, сілемдерді бір сөзбен « тау» деп атаған деген пікір айтады. Э.М. Мурзаев. Белгілі ғалым Гумбольдт « Орталық Азия» кітабында Қазақстан топонимдерінің қалыптасу, даму дәуірлері қайнар, жар, бастау, көл, төбе, деген сияқты жалпы есім тұлғаларында болғанға ұқсайды». Осының өзінің өзі өлкенің ономастикасының даму кезеңдерін ажыратуымызға, жүйеге келтіруге себебін тигізеді. Зерттеліп отырған аймақтың қазіргі саталған Бұлақ, Қайнар, Бел, Қара, Өзен, Ор, Орпа т.б атау тұлғаларының бәрі сол дәуірлердің елесін береді.

Географиялық ортаның Маңғыстау облысы топонимдерінде бейнелеу заңдылықтары мен табиғат жағдайларының өзіндік ерекшеліктері бірнеше тұжырымдар түрінде көрсетеміз:

1. Маңғыстау облысы геологиялық құрылысы мен жер бедерін бейнелейтін атаулар;
2. Климат жағдайлары мен ішкі суларының топонимдерде көрініс табуы;
3. Өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесінің географиялық атауларда бейнеленуі;
4. Географиялық ладшафттар топонимиясы;

Маңғыстау топонимикасын қалыптастыруда су көздерінің маңызы өте зор, өйткені құрғақ климат жағдайында жер атаулары да осы су төңірегінде байланысты жиі қойылды. Бүкіл Қазастандағы сияқты Маңғыстауда да «бұлақ», «су», «құдық», «көл» деген су объектілерінің атауларынан құрылған, Қаракұдық, Аққұдық, Ащықұдық, Ақсу; Қаракөл, Атпабұлақ т.б. сияқты атаулар жиі кездессе, «орпа», «еспе», «бас», «күп», «шыңырау» сөздерінің негізінде, қалыптасқан Ауызорпа, Ортаеспе, Қызылеспе, Оңыйкүп, тесіккүп, Шайтанкүп, Ақшымырау, Қарашымырау сияқты жиі кездесетін жер су атаулары көбінесе Маңғыстау өлкесіне тән. Сонымен қатар түрікменнің «мыш», «күю» сөздері де біраз атауларға арқау болғаны сөзсіз.

Жер су атауларының дені суға, жер бедеріне, өсімдікке жан жануарларға байланысты қойылғанымен, біра бөлігі адам, ру аттарының төңірегінде қалыптасқан. Адам атаулары жерге, көбінесе, жерленген жеріне, қазған құдығына, сондай ақ болға оқиғаға қарай қойылады. Мәселен, Қамысбай, Сисемата, Бекетата, Бердалы, Шілгөзәулие, т.б. атаулар зираттарға байланысты болса, Мәмішқазған, Жаңайқаған, т.б. атаулар құдықты қазған немесе қаздыртқан кісілердің атына шықса, Күйкенұшқан, Жабайұшқан, т.б. атаулардан болған оқиғаның сілемі жатқанын байқау қиын емес.

Геологиялық құрылысы мен жер бедерін бейнелейтін атаулар

Қарастырылып отырған аймақтың жаратылысы, көнелігі, тарихи қалыптасуы жөнінде бір бірінен өзгеше болып келетін географиялық бірліктердегі қазба байлықтар атаулары мен жер бедеріне байланысты топонимдер, өлкедегі жердің табиғи бітімінің алуан түрлілігі туралы деректер мен мағлұматтар беріп қоймайды, сонымен бірге жаратылысын, көнелігін, қалыптасуын білдіреді. Маңғыстау өңірінде кен орындарының мейлінше бай болуынан көне замандардан белгілі екендігі, олардың кеңінен өрістегені бұл күнде ғылымда толық аяқталып отыр. Бұл жөнінде академик Ә. Марғұлан географиялық ортадағы табиғат объектілерінің біздің заманымызға дейінгі ХІІІ- ХІІ ғасырларда символдық мәні болғанын айтады.

Адам жерге атты оның сыртқы пішініне, яғни жер бедеріне қарап қояды. Мәселен «төрткүл», «қапы», «тау», «сай», «кеуек», «ойық», «жарық», «шың», «жар», «төбе», «бел», «бауыр», «мұрын», «ауыз», «колтық», «аяқ», «босаға», т.б. халықтық географиялық терминдер Маңғыстау топонимиясынан кең орын алған: Құрқапы, Ақтау, Кеңсай, Ұра Кеуек, Булыойық, Қарынжарық, Сұлтүрткіл, Қаражар, Құмтөбе, Мұзбел, Қарабауыр, Тасмұрын, Өлі

Қолтық, Аяққұдық, Босаға. Олардың ішінде тек өлке жеріне ғана тәндері көптеген атауларға негіз болған;

Маңғыстау облысы топонимиясында аймақтың геологиялық құрылысын бейнелейтін атаулар ерекше орын алады. Біздің байқауымызша, Маңғыстау облысында «қара» сөздерінің қатысуымен жасалған жер атаулары мұнай кен орындарын білдіреді. А.Н. Кононов пен Э.М. Мурзаевтың байқауынша «қара» сөзі түрік географиялық терминологиясында өзінің негізгі мағынасына басқа қосымша «жер» «құрлық» «топырақ» мағыналарына ие болатынын топшылайды. Мысалы: Қаражамбас, Қарамандыбас мұнай кен орындары жердің қара түсін көрсетеді;

Маңғыстау облысы аймағының жер бедері типтері мен пішіндерінің әркелкі болуына байланысты сөздер қоры мол және жер бедерлерінің нақтылы орографиялық терминологиясының да мейлінше бай болуын аңғырамыз. Бұл өңір оронимдеріндегі орографиялық терминдердің кейбіреуі ғана жергілікті ландшафт ерекшеліктеріне ие.

Көшпелі мал шаруашылығын ұйымдастырудың өзі, жер бедерін жақсы ажыратып, ерекше жер бедері пішіндерді бір орыннан екінші орынға көшу барысында бағдарлаушы нүктелер ретінде ерекшелуге негіз болды. Оронимдер құрамындағы терминдер жер бедерінің жіктелу сипатын дәл бейнелейді, бұл мәліметтер табиғатты пайдалану барысында маңызды болды. Бұл ретте топонимдердің пайда болу себебі ғасырлар бойы дала әлімін мекен еткен көшпенділердің сол далада ықтасын іздеп, босқа көше бермегеніне, өздерінің табиғат туралы ұғым түсінігін шыңдап, сол табиғатты рухант әлеміне айналдыра білгенінің айғағы. Осындай тереңнен тартылған факторлардың сабақтастығына назар аударып, өңірдің орономиясы мен ойконимі табиғи бітім жаратылысы заңдылықтарымен күшті жіктелген, метафораларға бай, жергілікті ландшафт ерекшеліктерін дәл бейнелейтін атаулардан тұратын жетілген жүйе ретінде қалыптасты деуімізге болады. Географ ғалым Ғ. Қоңқашбаевтің зерттеулеріне қарағанда, қазақ тілінде 600 – ге жуық халықтық терминдер ба көрінеді, осы географиялық терминдер қатарын Батыс Қазақстан аймағындағы жер бедеріне қатысты халықтық географиялық терминдер толықтырады. Жалпы орографиялық терминдер XVIII ғасырдың екінші жартысынан, яғни Қазақстанның Ресейге қосылған кезінен кейін зерттеле бастады. Орыс ғалымдары П.И. Рычков, С.У. Ремезов, В.Н. Татищев, В.И. Левшин, А.С. Палластардың өлке жеріндегі жүргізген экспедициялық ғылыми зерттеулерінде және XX ғасырдағы географ ғалымдар Ғ. Қоңқашбаев, Г.Ц. Медоев, Н.Г. Маллицкий, Э.М. Мурзаев еңбектерінде көрнекі орын берілген.

Қазақ тіліндегі «тау» сөзінің көне тұлғасы «тағ» 568 жылы түркі қағаны Византия императоры Юстианның Земарх дейтін елшісін Эктағ тауының маңында орналасқан ордасында қабылдайды. Осы таудың В.В. Бартольд Эктаг деп оқыса, А.Н. Бернштам Акта деп алады. Қазіргі тілімізде айтсақ бұл екі форма Актау не екітау болар еді.

Тағ сөзі көне жазу нұсқаларында да ұшырасады.мысалы, осы сөз VI-VII ғасырларға жататын Күлтегіннің құрметіне қойылған ескерткіште, X ғасырдағы «Алтын Ярукта»,XI ғасырдағы М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат түрік»деген еңбегінде ,Юсуп Баласағұнидің 1069 жылы жазылған « Құдатғу білігінде» кездеседі. Ал XIII ғасырдағы « Кодекс куманикусте» бұл сөз екі тұлғада: тағ түрінде де, тау түрінде де алынған.

«Тау» термині қысқармай, атаулар құрамында тұтас сақталады.

Тау аттарында жер бедері, пішіні, биіктігі, оны құрайтын тау жыныстарының түсі, органикалық дүниесі, пайдалы қазбалары, климаттық көрсеткіштері анықтауыш сөздер ретінде терминге қосарланады. Тау терминінің негізінде қалыптасқан оронимдердің лексикалық семантикалық топтамасы осы тұрғыдан жасалынады.

3-кесте

«Тау» термині негізінде жасалған оронимдердің семантикалық топтары.

<i>Түсі бойынша</i>	<i>Климаты бойынша</i>	<i>Тіршілік дүниесі бойынша</i>	<i>Жер бедері пішіні бойынша</i>
Ақтау тау Ақшабас тау Қаратау тау Қарамая тау Қарашық тау	Мұзбел тау	Жосалы тау	Бесшоқы тау Бесоқты тау Сүйірше тау Таушық тау

Көне заманда тау – күш, беріктік көрсеткіш символы саналған. Тау аттары лауазымға қосарланып айтылатын болған. Мұның өзі таудың «биік, жоғары», аспанға, яғни тәңірге жақын деп білу ұғымынан шығып жатады. Ертеректе жаугершілік заманынан биіктіктер қарауыл тұратын күзет орны қызметін атқарған.

Қарақия – Каспий теңізінің шығыс жағалауындағы Орта Азия мен Қазақстанның сең терең, құрғақ ойысының (теңіз деңгейінен 132 м төмен) атауы. Қазақша «қара»-«қара мол немесе терең», «қия баурай», бұл осынау қара-құлама ойысы әбден сай келеді. Бұл ойыстың атауы да белгілі – Қаракие, Батыр. Кейбір зерттеушілер бұл жорамалды бір кезде осы өлкеде тұрған рулар атауымен байланыстырады. Қарақия атауы ойыс аумағының үлкендігін және тереңдігін білдіретін халықтың этимология. Қазақша «батыр», «батыру» ұғымы объектінің тереңдігімен байланыстырамыз.

Жергілікті халық жер қорының жағдайына қарай біріншіден, жердің сапалық бағасына қарай, екіншіден оны пайдалану, яғни ауыл шаруашылығына пайдаланатын жер (егістік даласы, шабындық, жайылым, орман т.б.) жағдайын жалпы меңгеріп, жердің сапалық құрамына қарай салыстырып атау қолданған.

Бозащы түбегі. Каспий теңізінің солтүстік шығысында орналасқан. Ең биік жері 61 м. Батыстан шығысқа 210-220 км, солтүстіктен оңтүстікке 100 км-ге созылып жатыр. Ландшафттысында құмды шөл басым. Жусан, таспа, еркек шөп, жүзгін, жыңғыл, бұйырғын, сарсазан т.б. аралас өседі.

Бозашы түбегінің атауы «боз», қазақша түсіндірме сөздікте «бозотты жер» мағынасында қолданады. Түріктерде боз термині «жыртылмаған тың жер», көне түрік «боз» сыңары бұз немесе мұз мағыналарында айтылады. Е. Қойшыбаев сөздігінде «боз» түбектің түсіне қатысты деп түсіндіріледі. Ғалым М.К.Гордягин Батыс Сібірдегі «бір тек дала, сортаңсыз» жер; Азербайжанда боз – «жалаңаш, жалаң, ашық», «ормансыз» жер; Түркіменстанда «бозғыр» «далалы жердегі бозды төбешік» жер; қырғыз және қарақалпақ тілінде боз «тың, тың жер, жыртылмаған жер»; өзбек тілінде «қопа» жер. Орталық болгарияда бозалық, бозалак, бозлык – «қамыс көп жер» мәніндегі атау. В.И.Абаева боз осетинде «сары» жер, орыс тілінде «қоңыр, құба» жер, эвендерде «сұр», «жирен» жер деген субстраты сөздерінен мәліметтер келтіреді. Боз термині жайлы Ғ. Қоңқашбаев былай деп жазады: «...боз, ақшы, шақшан ашық түс – көделі жер, шөзптің бір түрі. Боз ұғымы шалғын немесе сортаңды жерге қарама-қарпсы. Жылқы жаңбырда бозды жақсы жейді».

Батыс аймағында боз терминімен селеулі-бетегелі өсімдіктер басым өскен, астық «тұқымдасты өсімдіктерден тұратын далаларды анықтайды. Боз деп қазақ селеудің түрін де атайды. Сонымен, боз термині екі себеппен: ландшафт ерекшеліктерін білдіретін географиялық термин ретінде және жердің сыртқы түсімен байланыстыра қолданылады.

С.Абдырахманов түбектің атауының екі түрлі мағынасын түсіндіреді.

1. Боза – тарыдан ашытатын ішімдік. Бозашы – қолсыраның осы түрін дайындайтын адам. Кейінірек бұл термин осы өлкеде қазақ тұрғындарының арасында өмір сүрген түркмендердің бір руының атына айналады. Қазақтың бір бұтағы осыған ұқсас «бозашы» деп те аталады. Түбек осы этнонимге байланысты қалыптасқан деген жорамал бар.

2. «Бозғылт, татырлы жер» немесе «ащы немесе тұзды жерге бейімделген жусан көп жер» дегеннен шығуы ықтимал.

Өлкедегі табиғат ерекшеліктері жоғары жа аталған факторлар мен сипатталады, онда «боз» терминімен байланысты жер-су аттарын талдау барысында ландшафт ерекшелігін білдіреді.

Маңғыстау түбегі. Каспий түбегі мен үстірт аралығында орналасқан. Солтүстігінде комсомол шығанағы, Өлі қолтық сорымен, оңтүстігінде Қарабұғаз көлмен шектеседі. Ұзындығы солтүстік-батыстан оңтүстік шығысқа қарай 390 км, ені 160 км. Жалпы түбекте шөл ландшафтысы үстем. Түбектің орта бөлігін теңіз жағалауынан оңтүтік-шығысқа қарай созыла Маңқыстау түбегінде қазақ даласында ұшыраса қоймайтын ерекше нышандары да көзге түседі. Түбектің жер бедерінен аспан асты әлемінің барлық сыр, барлық қасиетін қаз қалпында бейнелейтін арнайы көрме залын осында әкеп әдейі орналасқандай. Атақты геолог Н.Андрусовтың Маңқыстау түбегін палеонтологич мен техтоника, планетология мен стариграфия беті ашық жатқан оқулығына теңеуінің өте орынды екеніне ден қоярымыз даусыз.

Маңғыстау жайлы алғашқы мағлұмат антикалық авторлар Геродот пен Страбон және араб ғалымдары мен саяхатшыларының еңбектерінде айтылады. Аль-Истахри, Ибн-Русте тәрізді араб географтары бұл Маңғышлақ өңірін

Сиякух өлкесі деп аталған. Бұл атаудың парсы тіліндегі мағынасы – «қарасу». Біздің байқауымызша, ертедегі авторлар Сиякух атауының жергілікті тілдегі, өзіндік ұғым маңғынасына ғана назар аударған. Өйткені бұл өңірдегі Қаратау аталатын тау тізбектері Маңғыстау түбегінің ортасын ала батыстан шығысқа қарай көлбей созылған. Маңғышлақ атайын XI ғасырда М. Қашқаридің көне деректерін алсақ «Ман қышлағ – оғыз журтының бір мекені», дейді. XIII ғасырлардағы араб-парсы ғалымдары Ибн Наджиб, Ибн Аль-Асир, Рашид-ад-дин және Ибн Фаддаллах әл-Омари еңбектерінде және кейінгі дәуірлердегі Орта Азия мен Еуропа ғалымдары еңбектерінде үнемі кездесіп отырады. Түбек атының этимологиясына байланысты көптеген жорамал бар. Ғалым А.Вабери бұл атауды «мың қыстау» деп түсіндіреді. В.Никонов, профессор А.Семенов атауды «Манктер қыстауы» (ноғай тайпаларының бірінің аты) деп қараса, ал біздің тұсымыздағы тіл зерттеушілері Ғ.Мұсабаев ман сөзін түрік тілдеріндегі «қой» сөзімен салыстырады. М.Тұрсынова мен Е.Өмірбеков жоғарыдағы пікірлерді топшылай келе Маңғышлақ атауындағы ман сөзі «үлкен, бай қыстау» деген мәнді білдіреді дейді. М.Қожанов өз тарабынан атауды Ноғай тайпасы магнит атымен байланыстырады. Ал Ә.Нұрмағанбетов Маңғыстау жер атауының алғашқы мағынасы – «шегіртке тау» болуы ықтимал деп жорамалдайды.

С.Абдрахманов «Каспий қайраңы» атты кітаптың «Топонимика» бөлімінде «Маңғыстау» - «үлкен қыстау». Қазақ тілінде «маңқыс», «маңызды» деген ұғым. Бұл екі сөздегі ортақ түбірі «маң»-қазіргідей тек «төңірек», «іргелес», «жапсарлас» емес, ертеректе «үлкен, маңызды» деген мағына береді. Егер түбектің ерте кездегі шаруашылық пайдалынымын талдайтын болсақ, онда «маңызды және үлкен қыстау» топонимінің мәнін дәп басып, көрсетіп тұр. Негізінде батыс жағы Каспий теңізімен, шығысы Үстірттің құлама тік кертпешімен, оңтүстігі Қарабұғазкөл шығанағымен Қарақұм шөлейтімен қоршаған түбектің жер бедері үлкен табиғи қораны еске түсіреді. Ертеректе, көшпелі өмір кешінде, түбек тұрғындары осында қыстаған, ал жайлауға Мұғалжар тауларына, Жем өзеніне дейін көшкен. «Маңғыстау» этимологиясының басқа да нұсқалары болуы мүмкін. Түбектің солтүстігінде қатар орналасқан екі шоқы – Ақтау және Қаратау бар. Олардың жалпы атауы картада осы күні Маңғыстау деп жазылады. Бәлкім бұл « Маң қос тау» дегеннің бұрыс жазылуы шығар. Егерде бұл жорамал шындыққа келсе, онда түбекті «Маңқыстау» деген дұрыс болар деген пікірмен тұжырымдайды.

Маңқыстау – атымен түбек, шығанақ, тау, аудан орталығы атауларының шыққан тегі туралы жоғарыда берілген тұжырымдарды, ескере отырып «елдің үлкен, қыс мезгіліндегі мекені, қыстағы» деп тұжырымдаймыз.

Түпқараған түбегі. Түбек солтүстік және батыс беті Каспий теңізімен қорғала келіп үстіңгі беті бір тегіс жазықтық бола биіктігі 140-120 м теңізге үңілген шыңдар сілемін құрайды. Шың жағалауына солтүстіктен оңтүстікке қарай әр түрлі ұзындықта орналасқан және бірнеше бұтақтарға тарамдалған үлкен-кіші сулы, сусыз алқаптар, тұйық сайлар кездеседі. Түпқараған түбегінің оңтүстік беті солтүстігіне қарағанда аласалау: 200 метрден 70 метрге дейін, кей жерлері 30 метрге дейін аласарып, сай-салалары адырлы алқаптарға айналады.

Бұлардың ішіндегі ең ірілері Саура, Түлкілі, Сақа, Құдық, Қарлыбек алқапты-аңғарлы Түпқараған дөңінің басталып теңізге барып тіреледі. Алқаптың аяқталар жерлерінде азды-көпті су көздері бар. Ғалым Ғ.Қоңқашбаев түбектің атауын түрік тілінде «түп», «тұңғиық, терең, шыңырау», әзірбайжан тілінде «асыт, төменгі жағы», «түпсіз, түбі жоқ» қазақ тілінде «түбек», «жердің мүйісі» географиялық термин деп түсіндіреді. Э.М.Мурзаев «туп» Шығыс Сібірде «өзеннің иреңінің тізге дейін», «иреңдегі түбек» деген мағына береді деп нақтылады.

Тұран ойпаты. Қазақстан мен Орта Азия жерінде, Солтүстік бөлігі Батыс Қазақстан аймағының Оңтүстік шығыс бөлігін қамтиды. Тұран көне атау б.з бұрынғы VIII-VII ғасырда шығыс елдерімен бірге түркі тілдес халықтардың ежелден мәдениетін көрсететін «Авеста» кітабында келтіреді.

Тұран атауы аймақта жергілікті жер бедері ерекшеліктерін білдіретін географиялық термин ретінде қолданылады. Э.М.Мурзаев «тұран» термині якут тілінде «сор, сортаң жер, сор топырақтар» дамыған ашық жазықтықты білдіреді. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде тұран – таудың үстіндегі су жиналатын ойпаң жер мағынасын береді. Тұран ойпатының жер бедерінде ойыстар көп кездеседі. Еліміздің құрлық бөлігінде ең терең – Қарақия ойысы (-132 м) осында. Биік жерлері (300 м) онша көп емес. «Тұран» атауы ойпаттың құмды және сазды, шөлді жазық, ойпатты жер бедеріне байланысы берілген.

Біз қарастырған жер бедері атауларының Маңғыстау облысы аймағының топонимдер бірлестігіндегі орны ерекше. Қазақ халқы табиғат объектілерімен етене жақын болғандығына байланысты жер бедеріндегі табиғат жағдайларымен ресурстарын анықтайтын ерекшеліктерін танып білудің мол қорын жинақтаған. Халықтың табиғатты пайдалану қазіргі ғылыми-практикалық маңызы шаруашылық ұйымдастыру, табиғат қорларын сақтау мен тиімді пайдалану үрдістерін танып білу, іс жүзінде қолдану мәселелерімен шектелмейді. Бұл мәселенің топонимика ғылымына қатысын халықтың шаруашылық мамандануының жер бедерін атауда маңызды рөл атқарғанымен түсіндіруге болады. Басқаша айтқанда, жергілікті халықтың табиғатты пайдалану ерекшеліктері Маңғыстау облысы оронимдер жүйесінің мағыналық жүктемесін байытып, өзіндік сипатын, жер бедерінің құрылымдық ерекшеліктерін анықтап береді.

Ішкі сулардың топонимдерде көрініс табуы

Қоғамымыздағы өзгерістер рухани дүниеміздегі жаңғыру үрдісі еліміздің тарихын, сло тарихтың құрамдас бөлігі болып табылатын этностың ұлттық тарихын, салт-дәстүрін, наным-сенімін, тыныс-тіршілігін жан-жақты және терең зерттеуді талап етіп отыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаев жер-су атауларының тарихилығы мен көнелігіне ерекше мән беріп, оны зерттеудің бүгенгі мемлекетіміздің саяси стратегиясы үшін маңызы бар екенін атап көрсетті. «Әрбір азамат тарих қойнауына тереңдеу арқылы өзінің ата-бабалары қалдырған осындай кең байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын» деген болатын.

Бұл тұрғыдан, Маңғыстау өлкесінің гидронимдерін тарихи-лингвистикалық жағынан зерттеу, бір жағынан, бір тілінің лексика, этимология саласын тың деректермен толықтырса, екінші жағынан, ұлттық сананың дамуындағы су атауларының рөлі секілді бұрын терең анықталмаған мәселелерді шешуге бағытталады.

Топонимиканың күрделі де көлемді саласының бірі – гидронимия деп аталады. Ол – грек тілінде гидро-су, оним-атау, яғни, су атаулары ұғымын береді. Демек, гидронимия өзендер мен көл, көлшіктер, қайнарлар мен бастау, бұлақ, құдықтардың бір сөзбен айтқанда – су объектілерінің жиынтық аты.

Гидронимдер – ұзақ және тұрақты түрде бірнеше ғасыр халыққа атау ретінде қызмет ететін топоним түрі. Елді мекендер атауларына қарағанда су, өзен, көл, сай атаулары көбінесе тұрақты келеді. Өйткені елді мекендер түрлі тарихи оқиғаларға байланысты, қоғамдық формацияның ауысу, өзгеруіне орай жойылып отырса, су, құдық, шыңырау атаулары ғасырлар бойы сақталып, кейінгі ұрпаққа жетіп отырады.

Профессор Т.Жанұзақов: «Қазақ топонимистерінің лексика-семантикалық классификацияға назар аударуының ең басты мәні топонимдерді лексикалық тұрғыдан топқа бөле отырып, мән мағынасын ашу, олардың адамның іс-әрекет, тұрмысы, қоғамдық өмірімен байланысын анықтап білу болып табылады», - деп нақты тұжырымдайды. Осыған орай ғалымдар ұсынған принцип негізіне сүйене отырып гидронимдерді төмендегідей екі топқа бөлдік:

А) объектінің физика-географиялық сипатын көрсететін гидронимдер;

Б) адамдар шаруашылық, тұрмыстық іс-әрекеттері мен қоғамдық қатынастарын көрсететін атаулар,

Объектінің физика-географиялық сипатын көрсететін гидронимдер жер бедеріне және географиялық объектінің өзіне ғана тән ерекше қасиетіне байланысты қойылған атаулар, өсімдіктер мен жан-жануарлар атауларына байланысты, түр-түс иен сандық ұғыммен, қазба байлықтар атауларымен байланысты т.б. сөздерден қойылған атаулар жатады.

1. Жер бетінің жер бедеріне және географиялық объектінің өзіне ғана тән ерекше қасиетіне байланысты қойылған атаулар.

Қазақ гидрожүйесінде атау жасауда жердің бет бедерін білдіретін тау, тас, су, құдық, бұлақ, құм, өзен, көл, бел, арқа, сай, шатқал, жыра т.б. географиялық терминдердің орны ерекше. Мысалы: Ақшоқы, Ақсай, Ақой, Шат, Сайқұдық, Шұқырой, Тұщысайқұдық, Қызылтөбе, Аққоңырдың, Кеңшүңгілой, т.б.

Шат – Маңғыстау ауданындағы құдық, жер аты. Шат – М.Қашқари сөздігінде оғызша деген сөз деп беріледі.

Үдек – Маңғыстау ауданындағы құдық, жер аты. Үдек – құм арасында кездесетін қатты жер.

Орпа, еспе, бас, күп, шыңырау тәрізді терминдер арқылы жасалған гидронимдер аймаққа тән тілдік ерекшелік болып табылады.

Сондай-ақ халықтық терминдер бұлақ, су сөздеріменде жасалған гидронимдерде кездеседі.

2. Маңғыстау гидронимдерінің өсімдікке және егін шаруашылығына байланысты қалыптасқан гидронимдер.

Ғасырлар бойы мал шаруашылығымен айналысқан ата-бабаларысыз жер жайын да, өсімдіктер әлемін жақсы білген. Әсіресе төрт түліктің және басқа да жануарлар әлемінің талғап жейтін жем шөбінің қайсысы малға жұғымды екенін, қай шөп пайдалы, қай шөп зиянды екені туралы ғасырлар бойы мол тәжірибе жинақтаған. Малына өріс өзіне қоныс болған өсімдік дүниесі гидронимиялық атауларда көрініс тапқан. Өлке гидронимиялық атаулары сол жерде өсетін өсімдіктрмен байланысты аталғанын байқауға болады.

Мысалы: Жыңғылды, Шилі құдық, Жиделі, Кәді, Егінді бұлақ, Сарымсақ, Изенді құдықтары т.б.

Жиделі – Суат аты, Маңғыстауда бірнеше. Бірі Бозашыда. Таңқаларлығы – солардың көбінде кезінде жиде өскен. Жиде тоғайы болған. Қолмен егілген жидені халық бір кезде сол төңіректен Жібек жолының бір тармағы өтетіндігімен түсіндіреді. Сол себепті Жиделі аталған.

Егінді бұлақ – атына заты сәйкес. Бағзы заманнан аяғына егін егілген. Соңғы жылдары Өтес аулының жеке қожалықтары сол жерге көкөніс егіп, әжептәуір өнім алып жүр.

Халықтық тілдің байлығының белгілі бір бөлігін өсімдік атаулары құрайды. Осы саладағы атауларды зерттеуші, белгілі ғалым Б. Қалиевтің айтуына қарағанда, дүниежүзінде 500 мыңға жуық өсімдік атаулары, ал қазақ тілінде 67 мыңдай өсімдік атаулары бар екен.

3) Қазба байлықтарға байланысты атаулар.

Мысалы: Алтынтапқан, Жезді, Мұнайлы, Мұнайшы т.б.

4) Метафоралық атаулар. Зерттеліп отырған өңірдегі кейбір гидронимдер балау, теңеу, салыстыру жолдары арқылы жасалып сол атаудағы аппелятивтердің атауыштық қасиетке ие болғаннан соң бастапқы мән-мағынасынан айырылып, жаңа мағына, метафоралық мағынаға ие болғанын көреміз. Мысалы: Дүңгірлек, Өрмелі, Маңсаулмас, Күркіреуік, Сұлтүрткіл, Ұзынбас, Теренорпа, т.б.

Бұлақ терминінің қатысымен жасалған гидронимдер де бұл өлкеде көптеп кездеседі. Әдетте бұлақ таулы жерде көп кездеседі. Бұлақ терминімен жасалған гидронимдерді айтар болсақ мысалы, Қосбұлақ, Атпабұлақ, Аманбұлақ, Ақбұлақ, Шоқ бұлағы, Жырықбұлақ, Бесбұлақ, Көкбұлақ, т.б.

Құдық мал шаруашылығымен айналысып, көшіп жүрген, көбінесе шөлейт аймақтарды қоныстанған, қазақ үшін күнкөрістің негізгі факторы болып саналады. Сусыз аймақты мекендеген қазақтардың құдық қазу ерекшеліктері – арнайы зерттеу өзегі бола алатын тақырып. Олардың тұрмыс тіршіліктерінің ерекшеліктері құдық түрлеріне де сәйкес сипатталады. Қолда бар материалдық дүниені пайдалана отырып, көшпенділер құдықты бірнеше жылға жететіндей етіп қазуға тырысқан. Осының нәтижесінде шегенқұдық, тасқұдық, құмқұдық, шыңырау, қайнарқұдық сияқты пайда болды. Демек, шөл және шөлейт аймақтардағы басты гидрографиялық объектілер бабаларымыздың

көнеден жеткен соны іздеріндей болып, қазақ даласында жүздеп-мыңдап кездесетін құдықтар болып саналады.

Еспе – сай бойындағы көзі қайраңнан шығатын тайыз құдықтар. Су өзімен бірге құмды айдап, жиі құмығып қалады. Сай бойынан қазылады, суы тайыздан шығады.

Басқұдық – бастау құдық. Жер асты су қорының ең өнікті, ыңғайлы жерінен қазылған, мол сулы құдықтың атауы. Суы тайыздан шығатын жерді жергілікті ел бас дейді.

Күп – (парсы сөзі) сай тұйығындағы асты тастақты, шұңғыл, су жиналатын орын, Мысалы: Қотыркүп, Оңайкүп, Күптісай, Жетікүп, т.б.

Маңғыстау гидронимдері құрамында жергілікті халықтың іс-әрекет, тұрмыс-күй, мал шаруашылығы мен аң аулау, құс салу кәсібін көрсететін гидронимдер көптеп кездеседі. Малға жайлы жердің құнарлы құнарсыздығын, құдық, бұлақ, өзендердің ащы-тұщылығын, табиғат құбылысын көрсететін топонимдер де осы топқа жатады. Оларды мағыналық жағынан орайлас келуіне қарай өз ішінен бірнеше түрге бөлдік:

1) **Күнделікті тұрмыстағы оқиғаларға негізделген атаулар.** Мысалы: Айғырұшқан, Шалкеткен, Балтакеткен, Сырықкеткен, Сирақшыққан, Ешкіөлген, Ешкіқырған, Түйебатқан, Балақырған, т.б.

2) **Мал шаруашылығына байланысты гидронимдер.**

Қазақ халқы ерте замандардан көшпелі тұрмыс кешіп, мал шаруашылығымен айналысқаны баршаға мәлім. Ұлы даланың төл перзенттерінің осы қозғалысы олардың негізгі күн көру факторы төтр түлік малға байланысты болады.

Қазақ халқының төрт түлік мал жөніндегі нақты мәліметтер мал түрлеріне, жас және физиологиялық ерекшеліктеріне, малмен байланысты нақты оқиғалар мен іс-әрекет негізінде географиялық атауларда көрініс тапқан. Кейбір атаулар өз тіркесі түрінде болады және нақты оқиғадан хабар береді [27].

Мысалы: **түйе:** Қаратүйе, Түйесу, Ұлы қара түйе құдығы, Түйебатқан т.б.

қой: Қойлан, Қойсуы т.б; **ешкі:** Ешкіқазған, Ешкіөлген, Ешкіқырған т.б; **тай:** Шұбартай т.б. **қозы:** Қарақозы т.б; **өгіз:** Бесөгіз т.б.

3) **Халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты атаулар.** Мысалы: Қызыластау, Астау-ой, Астау салды, т.б.

4) **Жергілікті халықтың наным – сенімін білдіретін атаулар.** Мысалы: Қарабұта, Құлқара, Арыстанбұға, Маната, Сады баба, Дөңқара, Қоңға баба, Қойғалы баба т.б.

5) **Халық, ру, тайпалық атауларға байланысты қойылған этнонимдер.** «Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен» Маңғыстауды тарихтың әр белгісінде сан түрлі тайпалар мекендеген. Олар да аймақ гидроним атауларына өз іздерін салған. Мысалы: Шәудір, Егдір құдықтары, Онды, Шоғы, Жаңай құдығы, Бәли құдығы, Ескелді, Дәулеталы, Есентемір, Табынсу, Ұланақ, Бөкен, Шеркешқазған т.б.

6) **Антропонимдерге қатысты қойылған гидронимдер.** Мысалы: Өтес, Ералы, Сенек, Тұщыбек, Онды, Тұщықұдық, Жыңғылды, Мәстек, Өмірзақ, т.б.

Осы атаулардың барлығы ертедегі халқымыздың тұрмыс – тіршілігінен, күй-жайынан хабар беретін гидронимдер болып саналады. Маңғыстау халқының

көшпелі өмірін бейнелейтін жер-су атаулары өмір сүрудің, мал бағудың басты алғышарттарының бірі саналатын құдық, бұлақ, қора, жайылым, қоныс, қыстау сияқты детерминативтердің қатысымен жасалған гидронимдерден тұрады.

Маңғыстау облысы аймағының ішкі суларының сипатының топонимдерде көрініс табуын және ландшафттың маңызды құрамдас бөліктері: өзен, көл, теңіз, мұхит, тұман, жер асты суларының атаулары қарастырылады. Олардың табиғи және адам әрекетімен өзгеруі ежелгі атаулар мен сол объектінің қазіргі жай-күйін салыстырғанда айқын көрінеді.

Маңғыстау топонимикасын қалыптастыруда су көздерінің маңызы өте зор, өйткені құрғақ климат жағдайында жер атауларыда осы төңірегіне байланысты жиі қойылды. Бүкіл Қазақстандағы сияқты Маңғыстауда да «бұлақ», «су», «көл» деген су объектілерінің атауларынан құрылған (Ақсу, Қаракөл, Жармыш) деген мағынасын білдіреді

Жармыш-Маңғыстау ауданындағы елді мекен, ерте түрікмен оғыздық «йар» - жар, «мыш» - бұлақ дегенінен қалыптасқан. Яғни қазақша «жарбұлақ» дегенді білдіретін сулы өңір.

Шайыр – Батыс Қаратаудың терістігіндегі жер, мекен. Екі түсінігі бар Бірі түркі тілінің оғыз-селжук диалектісінде “Чай, шай”- су, сулы сай, ал “ир”, “йір”, “фер” – жер, “сулы жер” дегенді білдіреді, екіншісі моңғол қалмақ тіліндегі “сайыр” “шайыр, сиыр” - “құрғаған су арнасы не малта тас” сөзінен шыққан

Маңғыстау облысы аумағында 55 көл бар, Олардың ауданы 42 шаршы км. Ішінде көлемі 100 гектардан асатын 4 көл бар. Көлдер облыс аумағының 0,0002 пайызын құрайды. Көлдердің ішіндегі ең ірілері – Қарашек, Үлкен.

Өлкедегі ірілі-ұсақты көлдердің пайда болу, орналасу, химиялық және органикалық құрамымен ерекшеленеді Осы көлдерге атау беруде, халық олардың тұздарына (сульфатты, хлорлы, карбонатты), құрылыс матариалдарына (жағалауларындағы таза құм, малиа тас) және жағалаудағы шыбындықтар мен аң, су құстарына назар аударған. Жинақталған атаулардың басым көпшілігінің айналаны қоршаған табиғи құбылысына байланысты қойылып отырғанын аңғару қианға соқпайды. Көпшілік атаулар көлдердің өзіндік ерекшеліктеріне, яғни түр-түсіне, судың дәміне, айналасындағы өсімдік пен жан-жануарлар дүниесіне, сан мөлшеріне, географиялық орнына, көл лимнонимдері құрамына жиі қолданылып, сол сияқты көлдердің сипаты, қасиеті, ландшафтсф жайлы толық мағлұмат білдіріп тұр.

- Түбі тартпа көлдер: сор, батпақ, ми
- Тұздың, ащы көлдерді білдіретін: тұз, тұзды, ащы
- Жазда суы тартылып, төңірегіндегі өсімдігі қурап қалған көлдер: тақыр, татыр.

Каспий теңізі. Каспий теңізі орасан зор аймақты алып, жағалық сызығының жалпы ұзындығы 6380 км болса, оның 2340 км Қазақстан жеріне қарайды. Каспий осындай орасан зор аймақты алып жатқандықтан оны “теңіз” деп атайды, әйтпесе географиялық табиғатына қарай ло – көл. Өйткені, Каспий ешқандай мұхит пен бұғаз арқылы байланыспайды. Каспий жер бетіндегі ең үлкен көл, көлемінің үлкендігіне орай теңіз деп аталынады. Каспий теңізі

саяхатшылар мен ғалымдардың назарын өте ерте кездерде ақ аударған. Тарихта бұл айдынның 70-тен астам атауы болған. Әр уақыттарда, әр халықта бұл теңіздің әр түрлі атауы боған. Бірі оған өзендер атауы мен (Горган, Еділ және т.б.), басқалары қалалар (Дербент, Астрахань, Сарай және т.б.) оның жағалауындағы мемлекеттер (Табристан, Хорасан, Гилян және т.б.) оның іргесінде өмір сүрген халықтар (Табристан, Хорасан, Гилян, және Гиркан, Хазар, Булгар, Хвалын, Албан, Оғыз, түрікмен және т.б.), жағалауға таяу тау жоталары, ойпаттар, аралдар, түбектер атауларымен (Абескун, Нирван, Апшерон, Маңқыстау) сондай-ақ оның шынайы немесе оның елесті сипатына қарай (Ақ теңіз, Көк теңіз) улары берген.

Каспий теңізі жайлы ең алғаш мәліметтерді біз ертедегі Грек және Рим ғалымдарының еңбектерінен кездестіреміз. Көне дәуірден жеткен деректерде бұл екі түрлі – Каспий және Гиркан деп аталады. Ертеде теңіз жағалауын Гиркания атауы сонымен байланысты қойылған парсы тілінде Гиркания – «қасқырлар жері», «қасқырлар мекені» деген мағынаны береді.

Каспий теңізі жөніндегі алғашқы нақтылы мәліметтерді грек ғалымы Герадот айтқан.

Каспий ертедегі орыс жылнамаларында Волга өзенінің сағасын қоныстанған Хвалын халқының атымен байланысты бір кезде Хвалын теңізі деп аталған. Бұл атау орыс карталары мен кітаптарында XVIII ғасырдың басына дейін орын алып келді. XVI ғасырда патшалық құрған IV Иванның тұсында бүкіл орыс жерінің картасы – «Үлкен Сызба Кітабы» жасалып, онда: «Хвалын теңізінен Көк теңізге дейін тура күн шығысқа қарай 250 шақырым» деп көрсетілген Мұнда Көк теңіз деген – Арал теңізінің атауы.

Атақты Венеция саяхатшысы Марко Поло XIII ғасырдың екінші жартысында Италиядан Қытайға дейін жасаған саяхаты туралы жазған кітабында Каспий теңізін, Волганың төменгі ағысында орналасқан сол кездегі Алтын Орда хандығының астанасы Сарай атымен Сарай теңізі деп, ал тағы бір жерінде Баку теңізі деп атайды. Марко Полоның Каспий теңізіне қойған бұл аттары оның кітабы арқылы Батыс Еуропа елдерінің біразына белгілі болды. Каспий теңізінен XV ғасырда солтүстіктен оңтүстікке қарай кесіп өткен орыс көпесі Афанасий Никитин «Үш теңіздің ар жағына саяхат» деген кітабында Каспийді Дербент теңізі деп атады. Бұл Ақ теңіздің батыс жағалауындағы ірі порт Дербент қаласының атауымен байланысты. Каспий теңізі XII ғасырда Астрахань атымен аталғандықтан 1333 жылы Астрахань қаласында болған араб саяхатшысы Ибн-Баттута еңбегінде: «Астрахань қаласы, Астрахань теңізінің жағалауында орналасқан. Астрахань – түрік тілдеріндегі «қажы тархан» деген сөздердің бірігуінен қалыптасқан. Қажы- Меккеге құлшылық етіп барып қайтқан діни адамға берілетін ат, ал тархан – алым салықтан босатылған адамның лауазымы» деп келтіреді.

I Петр патшаның бұйрығымен Ресейде 1715-1720 жылдары теңіз жағалаулары суретке түсіріліп, есепке алынып, 1720 жылы теңіздің тасқа басылған алғашқы дербес картасы шығып, теңіз Каспий атауымен орта ғасырда

дүние жүзіне белгілі болды. «Каспий» деген атау грек тарихшылары мен саяхатшыларының жазба деректеріне қарағанда, парсылармен шекаралас, теңіздің оңтүстік жағалауларында жауынгер Каспий деген халық өмір сүрген. Осы халық атауы негізінде көл қазір- Каспий деп аталады.

Өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесінің географиялық атауларда бейнеленуі

Қазақ халқының өткен өмір жолына қарасақ, көшпелі болғандығы, әсіресе. Мал шаруашылығымен айналысқаны тарихтан белгілі. Олай болса, облыс топонимінде өсімдік, жәндік т.б. әр түрлі жануарларға байланысты атаулардың атымен аталуы кездейсоқ құбылыс емес.

Өсімдіктер мен жануарлар – органикалық дүниені құрайтын тірі организмдердің екі тобы. Зерттеліп отырған аймақтың кең байтақ жерінің ландшафтысы біркелкі болып келмейтіндігін және өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесінің әр қилы болып келуін Маңғыстау облысы аумағынан жинақталған топонимдерінде бейнеленуінен анықтауға болады.

Адамзат тіршілігі үшін өсімдіктер дүниесінің маңызы өте зор. Ерте кезден бастап адамдар өсімдіктерді жинап, жеміс-жидектерден азыққа, ал жапырақ, сабақ, тамырын дәрі – дәрмекке, тері илеуге, түрлі заттарды бояуға пайдаланып келген. Адамның өмірі өсімдіктермен тығыз байланыста. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында өсімдіктердің 6000-нан астам түрі өседі. Соның 760-ы, яғни 12,6 пайызы тек біздің жерімізде ғана өсетін (эндемик) өсімдіктер. Қазақ халқы өзіргі уақытта емес, тіпті ежелгі дәуірде негізінен шаруашылықпен айналысқан. Сондықтан халқымыз жер бедерінің ландшафтысына байланысты ат қою оларды, түрлі атаулармен белгілеу алғашқы дәуірлерде де маңызды болған. Тіршілік тірегі – жер-суға ат беру адамзат жаратылысынан бері келе жатыр.

Ғасырлар бойы мал өсірумен айналысқан қазақ халқы соған сәйкес жер жайын да, оның өсімдіктер әлемін де жақсы білген. Халық тарихынан халқымыз жер бедеріндегі түкті өсімдіктер дүниесіне тым ерте кезден бастап зер салып, көңіл қойғаны мәлім. Әсіресе төрт түліктің және түрлі жануарлардың талғап жейтін жем шөбі қайсысы малға жұғымды екенін, қай шөп олар үшін пайдалы, қай шөп зиянды екендігін ажырата білгендігі жөнінде ғасырлар бойы қалыптасқан қағидаларымен іс-тәжірибелерінің маңызы зор. Тіршілік тірегі өсімдіктердің, географиялық атауларда қойылуы тарихи өте ерте кездерден басталған. Ертедегі көшпенді ата-бабаларымыздың ерекше қастерлеп, талай ғасырлар бойы аялап, қамқорлық жасап келген табиғат байлығының бір тобы – өсімдіктер әлемі. Өсімдік ішсе – тамақ, кесе – киім, саялы баспана, малына өріс, өзіне қоныс болған.

Зерттеу барысында әр түрлі ақпарат көздерінен жинастырылған топонимдер арасында аймақтың өсімдіктер дүниесі мен жануарлардың атымен аталған географиялық атаулар кездеседі. Өлкенің өсімдік атауларының көпшілігі өңірде өсетін өсімдік түрінің көптігіне, молдығына қарай, халықтық тілімен

бірге жасалынған. Өсімдік аттарымен байланысты географиялық атаулар аймақтағы өсімдіктердің табиғи топталуының жиынтығын, яғни ландшафтылық ерекшелігін көрсетеді.

Облыс аймағындағы Шағылқұм құмы, Қияқты елді мекені (Түпқараған ауданы), Жыңғылды, Жиделі, Жапырақты тау (363 м), Сазды тау (214 м) (Маңғыстау ауданы), Сексеуіл қонысы (Қарақия ауданы), Сексеуіларал қонысы, Қарағайлы қыстауы (Бейнеу ауданы) атауларын өсімдік аттарымен байланыстыруға болады.

Қияқты – сабағы ұшқырлы, жапырағы таспа пішінді көп жылдық шөп. Осындай жер атауы Бозащы түбегінде бар.

Аймақ жеріндегі топонимдер құрамында неғұрлым жиі кездесетін өсімдік атауларының бірі ретінде сексеуілмен байланысты топонимдерге тоқталамыз. Бұдан екі ғасыр бұрын Еуропа халықтары арасында Орта Азия шөлдерінде өсетін «оңтүстік қарағайы» аталған сексеуіл Маңғыстау облысының құм далаларында, құмды шөл далаларында өседі. Мысалы, Ақсексеуіл қонысы (Қарақия ауданы), Сексеуіларал қонысы (Бейнеу ауданы).

Үстіртте 6 түлей бар. Түлей деп сексеуілді орманды айтамыз. Олардың бәрі шыңырауларға жақын орналасқан және оны халық былай атаған екен: Қара түлей, Елтененің түлейі, Белсексеуілдің түлейі, Түрікті түлейі, Табынның түлейі. Қандай өыс болса да түлейде қыстаған елде тұяқ болған [28].

Ғалым И.Г.Борщакөв еңбегінде «Сексеуілді құмды шөлдің қорғаны болады, ол құмды бекітіп ұстап тұрады. Өскіндері түйеге, қойға бір жағынан азық, екіншіден – сусын. Жергілікті құмды, шөл жерлерде судың аз екенін сексеуіл өсумен анықтауға болады. Сексеуіл су «аулауға да» бейімделген. Көктемде тұқымнан шыққан тамыр тез өсіп суды қуалағанда тереңге тез ұзарып 20-30 метрге дейін өсіп, сексеуіл тоғаын құрады. Сексеуілдің өз тіршілігін сақтауы- табиғат сыйлаған ландшафттық қасиет. Жергілікті халық сексеуілді мақтанышпен «жасыл көмір» деп атайды. «Сексеуіл ағашынан сапалы көмір дайындалады», - деп келтіреді.

К.Г.Паустовский «Атау дегеніміз – халықтың елін ақындық тілмен білдіруі және бұл халықтың мінез-құлқы, тарихы, ой-асқары мен тұрмыс-салт ерекшеліктері туралы сыр шертеді» деп айтып көрсеткендей. Зерттеліп отырған өңірдің географиялық атауларына зер салсақ, дені сол жердің табиғат бітімімен мойындаса қойылғанына ден қоямыз.

Жануарларға байланысты атаулардың Қазақстан топонимдеріндегі орны жөнінде ғалым Н.И.Баяндин «Бұл атаулардың бәрі кездейсоқ қойылмаған. Олар қазақ халқының көшпелі өмірі, малшаруашылық кәсібі, жалпы халық тарихымен тығыз байланысты» деп жазады.

Топтамадағы географиялық атаулардың басым көпшілігі микротопонимиялық жүйеге енеді, өйткені шаруашылықты ұйымдастыру барысында жергілікті нақты жағдайлардың әсері басым нақты сараланып көрсетіледі.

1. Мал аттарымен байланысты топонимдер.

Қазақ халқының төрт түлік мал жөніндегі нақты мәліметтері мал түрлеріне, жас және физиологиялық ерекшеліктеріне, малмен байланысты нақты оқиғалар мен іс-әрекеттер негізінде географиялық атауларда көрініс тапқан. Кейбір атаулар сөз тіркесі түрінде болады және нақты оқиғадан хабар береді (Түлкілі, Қасқыржол, Бөрібас).

Ерекше айта кететін жайт, мал аттарымен байланысты атаулар топонимдерде мағыналық жағынан басқа сипатқа ие болуы мүмкін: «айғыр» сөзі «үлкен, биік, ірі» мағынасын береді. Облыста Айғыржал жер аты (Маңғыстау ауданы).

2. Жабайы жануарлар аттарымен байланысты топонимдер.

Белгілі бір табиғи жануарлар тобының, түрінің, туысының таралған санының молдығы (ареал) сол аймақ жеріндегі (құлан, бұлан, марал, құндыз) географиялық атауларда кездеседі. Жануар түрінің таралу шегі кейде республикамыздың көп аймақтарында (космополиттік арал) Батыс, Солтүстік, Оңтүстік, Орталық, Шығыс Қазақстан аумағында таралғандықтан географиялық атауларының құрамында жануарлар атымен кездеседі. Мысалы, Құланды қала типтес поселка (Қарақия ауданында). Сүлікті бұлағы (Маңғыстау ауданы).

Құлан. Әлем фаунасының құрып бара жатқан түрі болып табылатын құлан дөңгелек тұяқтылардың жылқы тұқымдасына жатады. Белгілі зоолог Р.Сәтімбеков топонимикалық әдістермен құланның байырғы ареалын қалпына келтіріп, дәйекті дәлелдер келтіреді. Талас Алатауының маңында «Құландықорық» деген жер атауының сақталуының өзі көп нәрседен хабар береді. Ерте кезде Қазақстан жерінде құландар үйір-үйірмен тіршілік еткендігі тарихтан белгілі жаит. Олай болса, сол құландарды қорғауға арналған арнайы қорықтың болғандығы жер атауы толығымен дәлелдеп тұр. Ғалым Қ.Жылқыбаевтың «Көне тарих куәлары» атты еңбегінде құландардың Қаратау өңірінде, Сыр бойында, Ұлытау атырабында, Алтай аймағында әдетте, суы мен суаты, кешулері бар өзендері, қақтары, құдықтары, аласа тау, шоқылардың маңын, далалы жерлерде мекендегенін дәлелдейді. Құландар Батыс Қазақстан аймағында ХХ ғасырдың 30-шы жылдары құрытылып жіберілді. 1991 жылы Ақтау – Бозашы қорықшасына әкелініп, қайта жерсіндірілді.

Облыс топонимиясындағы шаруашылықпен байланысты атаулар Құдық атаулары

Кезінде халқымыздың біртуар перзенті Шоқан Уәлиханов «Көне түркі салт-сана, әдет-ғұрпының қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты жер-су атаулары, адам аттары, тағы да басқалары есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады», -деп көрегендікпен айтқан. Кез келген объектінің көзге ұрып тұрар мәнді белгілерінің бірі атауға негіз болып, оның қасиет қалпын сипаттап тұрады. Сондықтан да ол бір ұрпақтан екінші ұрпаққа жалғасып, ғасырдан ғасырға ауысып, халық жадында мәңгі жатталып қалады.

Шөл даладағы бірден-бір тіршілік көзі – су. Сондықтан Маңғыстау құдықтары – өлкенің негізгі су көздері болып табылады. Бұл өлкенің саяси, экономикалық тіршілігінің негізі болған құдықтардың тарихы сонау орта ғасырдан белгілі бола бастады. Құдық тарихы – өлке тарихы.

Маңғыстау - Үстіртте Қарапалпақ автономиялық республикасы мен Түркменістан Республикасы шекарасына дейінгі жерлерде (Арал мен Каспий аралығы) байырғы қыстақтар мен қобы жолы (құм арасын төтеп шығатын жол), сарна жол (тегіс жол), айырсақтық жол (жалғыз аяқ жол), Ұлы Жібек жолдарының (керуен жолы) бойында орныласқан құдықтар көптеп саналады. Олар ғасырлар бойы сақталып келген, көшпенділердің өмір-тұрмысында үлкен қызмет атқарған. Құдық терминіне байланысты қойылған атаулардың тарихы туралы өз пікірлерін білдірген ғалымдардың бірі Маңғыстау облысының халық шаруашылығын зерттеген ғалым Ф.А. Михайлов: «Құмды жердегі әрбір құдық, әрбір адамның жеке семьяның өмір тіршілігінің көрінісі» десе, В.А. Никонов: «Шығыста құдықтар жолаушылар үшін қандай маңызды болса, олардың атаулары да көптеген құпия сырға ие» деп айтқан екен [15].

Әсіресе, жол бойында орналасқан құдықтардың сыр шертер шежіресі мол. Хиуа үстімен өтетін Ноғай жолында да, Маңғыстау арқылы өтетін көне Хиуа жолында да 25-30 шақырым сайын суы ащы болсын, тұщы болсын міндетті түрде құдық кездеседі де, ал 100-150 шақырым сайын тұщы су көзі – бұлақ не құдық ұшырасып отырады. Шамасы суаттардың бұлай орналасуы шөл түзде бір күндік жол жүргеннен кейін көлік суарып, ал үш-төрт күн сайын жолға алынатын ауыз суды жаңартып отыруды көздеген есепке құрылса керек.

Өзен-көлі жоқ, табиғаты қатал өлкеде тіршілік етіп, мал өсіру үшін су табу үлкен күш-жігерді талап еткен. Табиғатынан сезімтал адамдар жер астының қай жерінде, қандай мөлшерде су бар екенін анықтай білген. Күн шыға басына тымағын киіп алып, жер бауырлап жатып, бір құлағын жерге төсеп тың-тыңдап, су жағдайын білген. Біреулері жүген сүйретп кележатып соның дыбысынан білген болса, екіншілері таңертең атпен жүріп байқаған. Тіпті, сүймен лақтырып, сүйменнің ұшы қадалған жерді қазып су шығарғандар да, құдық ақзылмай тұрып судың ащы, тұщылығын білген көріпкелдер де өмір сүрген .

Осылайша өмір қажеттігінен құдық деген су көзі, құдықшы деген құрметті кәсіп түрі пайда болған.

Облыс территориясында 1870 жылы 1139 құдық болса, ХХ ғасырдың басында 4,2 мыңға жеткен. Қазіргі кезде олардың көпшілігі көміліп, не суы ішуге жарамсыз болып отыр

Ғасырлар бойы осы өңірді жайлап қыстаған халық тіршілік көзі – құдықтың негізгі төрт түрін пайдаланып келген.

Шынырау – жер бетінен екі-үш, кейде төрт-бес метр жердегі тасқа дейін жеткізіп шегендеген, доан арғы жағын су көзіне дейін тастан ойылып қазылған құдықтар. Мысалы, *Ақшымырау, Бесшымырау, Ешкіқырған, Уәлі, Киікбай, Төлеп, Қосқұлақ, Бесауыз*, т.б. құдықтар.

Тайыз құдықтар – құм мен сор жағалауынан, түлей айналасының құламалы жерінен қазылады, тереңдігі метрден аспайды. Олар түбінен аузына дейін табылса таспен, ағашпен, сүйекпен, бұтамен де шегендейді.

Орпа – уақытша пайдалануға қазылатын тайыз құдықтар. Олар шегенделмейді. Мысалы, *Тереңорпа, Ақорпа, Тасорпа* т.б.

Апан – аузы кең, суы тайыздан шығатын құдықтар.

Құдықшалардың аттары немесе руы өздері қазған құдықтардың атауына айналған гидронимдер. Мысалы: Қалақазған, Қарашқазған, Қожақазған, Шәмішқазған, Шолаққазған, Бәлиқазған, Бекесқазған, Баубекқазған, Кенжеқазған, Кентайқазған, Мәмішқазған, Есенқазған, Ләтіпқазған, Қосбасқазған, Мәмбетқазған, т.б.

Жер басып жүрген пенденің ішінде аты-жөнінсіз адам болмайтын сияқты, әрқұдық шыңырыудың да дербес есімі бар. Қазылу, яғни дүниеге келу шежірісі бар. Мысалы – **Бекесқазған**. Аты айтып тұрғандай оны Дәрментаев Бекес деген бай саудагер қаздырған. Осы құдық құт болып тіпті кейіннен байып, Красноводск қаласынан үлкен орамды алып жатқан сарай салдырып, төңкерістен соң ол Түркменстандағы алғашқы білім ордаларының бірі, қазақ педогог училищесіне берілген.

Мәміш қазған – Шегем Мәміш құдықшы егіз құдық қазып, екеуінің арасында екі шығарға бір түйе жегіп, ерсілі-қарсылы жүргізіп құдықтардың кезегімен су шығару әдісін дүниеге келтіріп егін салған. Көктемде бидай егіп, оны орып болған соң қырық күндік пісетін тары салып маңайындағы 40-50 үйді ішіп-жемнен тарықтырмаған. Мәміш ойлап тапқан жаңалық – бірінші құдықтан қауға суымен шығып тартыла бастағанда, екінші құдыққа бос қауға түсіп бара жататын әдіс бүгінгі ұрпаққа таңсық.

Сонымен қатар құдықтар көшпенді қазақтар қоғамында меншіктік сипатта болғандықтан, ақы төлеп қаздырған адамдардың аттары да құдық атауына берілген және соның меншігі болып есептелген: Бекес, Төлеп, Мәмек, Әліке-Қанай, Дүкен, Меред, т.б. Мысалы: Бекес – Бейнеу ауданындағы құдық. Суы малға жарамды, тереңдігі 15 метр. Бекес бай Мәміш құдықшаға 200 бойдақ қой беріп қаздырған екен.

Төлеп – Үстірттің сол ернегіндегі әлі сулы құдық. Адай елінің ел қорғаны атанған аруақта батыры Төлеп Әнетұлы қаздырған.

Мәмек - Хиуа жолының оңтүстік Үстірттен шығар жеріндегі сай бойындағы құдық. Тереңдігі 8-10 метр. Суы алғаулы. Кім жазғаны белгісіз. Қаздырған Шегем аулының белгілі адамы Мәмек Түркебайұлы. Мәмек аты емшілігімен, сынықшылығымен шыққан. Мәмек құдықты елдің ортақ пайдалануы үшін қаздырған. Қазір қолданыста бар.

Әліке-Қанай – Үстірттегі құдық. Бейнеубай құдықшаға Жеменейдің атақты байы Әліке қаздырады. Әлікенің Қанай атты жалғыз сұлу қызы болған екен. Күйеу ұрын келейіндеп жатқанда, қызына тіл тиіп, қайтыс болады. Құдық қазылып біткен соң, сол құдықтың атын бай жалғыз қызының құрметіне аталуын өтініп, «Әліке-Қанай» деп атаған екен.

Бұдан басқа құдықтар атауларының уәждену ерекшеліктері суының молдығына (Қасар, Басқұдық), тереңдігіне (Ақшымырау, Қарашымырау, Жүзады, Ұзын, Терең), су сапасы мен дәміне (Ащықұдық, Тұщықұдық, Ащыбас), қазу ерекшелігіне (Қаракұдық, Үшқұдық, Бесқұдық, Сырықкетен), белгілі оқиғаға (Суға кеткен Сұлушаш, Ақотты нар, Үшауыз т.б.), қазылған жерінің атына (Шебір, Қызан, Жиделі, Жыңғылды) т.б. байланысты болған.

Суының молдылығына байланысты аталған құдық сындай аңыз сақталған. Маңғыстау елі бір кезде Маңғыстау ойынан Жем бойына дейін көшіп жайлаған ғой. Жемнен Маңғыстауға құлаған кезде Қожаназар байдың жылқысын Қасар деген құдықтан суармақшы болады. Көшті бастап келе жатқан батырлар, жылқышылар жылқының алдыңғы жағын суаруға кіріседі. Құдықтан алынған су өнбейді, жылқыны қалай қандырамыз деп күйзеліңкіреп тұрғанда, Атағозы батыр құрым киізді тесіп жібергенде, су атыпты диді. Түрікмендер судың көзін қасақана бітеп кеткен екен.

Қожаназардың мығырған жылқысықанып шығыпты, су мал ішкен сайын қасарысып өнеді екен. Байда сол уақытта 15-20 мың жылқы болған деседі. Сол жылқыны қандырғасын «Қасар десе, нағыз Қасар екен!» деп аталыпты.

Маңғыстау мен Үстірттегі ең терең шыңырау құдықтар: Шотанның ақшымырауы – 43 м, Мәлібек шыңырауы – 43,6 м, Мөңке шыңырауы – 24 м, Төлептің жаңа суы – 43 м, Үстірттегі Қырғын шыңырауы – 32,3 м, Дүңгірлек шыңырауы – 31,9 м, Тесіктамның жаңа суы – 28,9 м, Қожантай шыңырауы – 23,4 м, Айшуақ шыңырауы – 28,9 м, Жақсыбай шыңырауы – 25 м, Қазанғап шыңырауы – 38,0 м, Қармыс шыңырауы – 23,8 м, Бармақ шыңырауы – 19,4 м, Сасық шыңырауы – 20 м, Ұзын шыңырауы – 61,9 м, Қараш қазған – 37,8 м, Ақжігіттегі бес шыңырау – 19 м, Қарағашты шыңырауы – 64,3 м, Мысық шыңырауы – 57,7 м, Тойыншаш шыңырауы – 52,3 м, Қарсақ

шыңырауы – 52,7 м, және т.б.

Құдықты аршығанда жылқының терісінен жасалған «Долы» деп аталатын қауға пайдаланылған. Шығырға нар түйе не болмаса еүшті атан түйелерді жеккен. Олардың әрқаысысының қашықтығы 40-45 км-ден аспайды.

Қазір құдықтар жойылып барады. Құдықпен бірге оның аты, жердің аты, құдықшының есімі, оған байланысты тарихтыңда ұмтылары сөзсіз. Ал оның жайын білетін көнекөз қарттарда сиреп бара жатыр. Сондықтан да құдықтарды түгендеп, тізімге алу, тарихын зерттеу және жөндеуді бастау – уақыт күттірмейтін шаруа.

Түске байланысты ландшафтық атаулар

Табиғаттағы түр мен түстің барлығы әрқашанда бір географиялық объектінің түріне, түсіне, өң-реңіне, сыртқы сипатына анықтаумен шектелмейді. Сонымен қатар түр түс атаулары мүлде түр түске қажеті жоқ, не одан алыстап кеткен ұғым – түсініктерді, мән-мағыналарды білдіреді.

Көптеген жағдайда дүниенің төрт бұрышын, батысы мен шығысын, оңтүстігі мен солтүстігін, сондай-ақ белгілі бір географиялық объектінің екінші бір объектіге қатыстылығын, алыс-жақын, жоғары-төмен орналасуын білдіруді тек бір тілге тән ерекшелік деп қарауға болады. Мысалы, жасыл түстер батысы, сары түс орталық. Қызыл түс-оңтүстігі, ақ түс-шығыс, қара түс солтүстік терістіктің геосимволикасы деп есептелінген.

Топонимдер құрамында түсті білдіретін сын есімдердің жиі қолданылуы түрік топонимиясын басқа елдердің жер-су атауларынан оқшаулайды. Түрік тілдеріне қарағанда үнді еуропа тілдері топонимиясында бұл сөздер әлдеқайда сирек қолданылады. Ал моңғол, араб тілі топонимдері құрамында бұл сөздер мол ұшырасады.

Географиялық терминологиядағы ақ пен қара сөздері өзінің негізгі мағынасынан басқа қосымша мағыналарға ие болады. А.Н.Кононов ақ және қара сөздерінің негізінде гидронимдер құрамында кездесетінін айтып, бұл сөздерге ағу, қарау етістіктері семантикасымен тығыз байланыста қарастырылады. Ол гидронимдерде кездесетін қара сөзі «жер және жер асты сулары» ұғымын береді деп есептейді. Демек, Қазақстанның кез-келген аумағында кездесетін Ақсу Қарасу атаулары құрамында ақ, қара географиялық терминдер жер асты сулары ұғымымен тығыз байланысты деп саналады. Маңғыстау аймағының топонимдер құрамында кездесетін қара сөзі бірнеше семантикалық мәнге ие болады:

1. Жоғарыдағы ғалымдар айтқан, жер асты суларымен нәр алатын өзен атаулары ұғымын білдіреді. Мысалы, Қарақұдық жер асты суы.
2. Абсолюттік биіктік атаулары. Кейбір топонимдер құрамындағы кездесетін қара сөзі «тау», «қырат», «төбе» ұғымын береді. Мысалы, Қаратау, Қарақия.
3. Кейбір топонимдер жер бедерін сипаттау үшін қолданылатын «қара» сөзі өзінің тура мағынасына келеді. Мысалы, Қарашығанақ, Қарасор т.б.
4. Кейбір топонимдер құрамында кездесетін қара сөзі «қалың», «ну» ұғымын береді. Мысалы, Қараотты.
5. Ғ.К.Қоңқашпаев қара сөздің күрделі топонимнің соңынан келгенде, абсолюттік биіктік ұғымын береді деп түсіндіреді. О.Т.Молчанова бұл терминнің көнелігін түрлі фонетикалық варианттарда кездесетінін гора, гар, гур, кар, гари формаларымен дәлелдей отырып, «бір оқиғадан қалған қарайған орын» ұғымында қолданады деп көрсетеді

Қараот термині жайылым түсі ғана емес, ондағы басым өсімдік

жамылғысы туралы да мәліметтер береді. Бұл терминді «жусанды өсімдіктері басым болатын далаларды сипаттау үшін қолданған, себебі күзде жусан қарақоқшыл түске енген, ал астық тұқымдастардан тұратын бозғылт немесе ақшыл рең алған» [16]. Қараот негізінде күзде, қыстың басында жусанның құрамындағы эфирлі заттардың алғашқы аязбен ыдырыған кезінде мал жайылымы ретінде пайдаланылады. Жергілікті малшылар «қараотта мал қонданады» дейді.

А.Н. Кононовтың байқауынша, ақ ұйғыр тіліндегі «сұйық», қара кейбір түрік тілдерінде «жер, құрлық, топырақ» мағыналарын береді.

Ақотты – Үстірттегі құдық, жер аты. Өтестен 330 шақырым жерде. Ақ от – қазақ тілінде шөбі мол, малға жайлы тұщы шөпті жер дегенді білдіреді.

Сары сөзі қатысымен жасалған топонимдердегі Сарқұдық, Сарытөбе атаулары жер бедерін сипаттау үшін қолданылған. Қазақтар сазды жерді сары компонентімен белгілеген. Өлкеде жайылымдық жерлердің топырақ жамылғысын қалыптастыруға сазды, әктасты, тұзды жыныстар негіз болады. Бұларды топырақтану ғылымында топырақтың «түпнегіз жыныстары» деп атайды. Түпнегіз жыныстар топырақтың бейорганикалық (минералдық) құрамын анықтап, ол өз кезегінде ылғалдану жағдайына, өсімдіктің таралуына әсерін тигізеді және ландшафт ерекшеліктерін түс белгілер береді. Мысал ретінде саздарды алуға болады. Саздардың географиялы ландшафтық терминдер ретінде екі мағынасы бар:

1. Ұсақ құрылымды, сарғыш түсті борпылдақ шөгінді тау жынысы; ылғал түрінде тұтқыр қойыртпақ түзеді.
2. Жер асты сулары шығып жатқан жерлердегі батпақты-шалғынды жерлер, сулы шалғындар.

Ал *қызыл* сөзімен тіркесімен қалыптасқан топонимдер саны біраз болса да, олардың басым көпшілігі жасанды топонимдер болып келеді. Мысалы Қызылтөбе, Қызыләскер сияқты атаулар – кеңес дәуірінде қалыптасқан топонимдер. Бұл топонимдерді саяси топонимдер деп те атауға болады.

Керала, боз атауларымен аумақтың әр бөліктерінде жергілікті халық жайылымдарды атайды. Керала термині туралы ХХ ғасырда шаруашылықтарды зерттеу мақсатында ұйымдастырылып, жұмыс істеген орыс экспедициясының бастығы Л. Чермак былай деп жазды: «Селеулі даланың жалпы көрініспен ерекшеленіп тұратын, ойдым-ойдым сортаңдармен жабылған даланы қырғыздар осылай атайды» Сонымен бұл термин жайылымның сыртқы түр-түсіне хабар береді.

Боз терминімен селеулі-бетегелі өсімдіктер басым өскен, астық тұқымдасты өсімдіктерден тұратын далаларды анықтайды. Боз деп қазақ селеудің түрін де атайды. Сонымен, боздың жайылым аты ретінде қолданылуын екі себеппен түсіндіруге болады:

- Боз деп аталатын даланың басым өсімдігі – боз (селеу түрі).
- Өсімдік аты түсіне орай қойылған, мұндай өсімдік басым болатын далалық жайылымның сыртқы көрінісі де бозғылт келеді. Қазақтар ежелден боздарды жылқы малы үшін ең бағалы жайылым ретінде есептейді.
- Маңғыстау облысы Қазақстанның жер-су атауларында жиі кездесетін түс атаулары үнемі түр-түс ұғымдарын білдірмей, географиялық ерекшелігін, әр түрлі табиғи жағдаймен сәйкестігін, мекен-жайын анықтауға да көмектеседі.
 - Оронимдер: Ақтау, Құрқапы, Ұра кеуек, Булюойық, Қарынжарық, Сұлутөрткіл, Төңірекшың, Қаражар, Құмтөбе, Мұзбел, Қарабауыр, Тасмқрын, Ауызорпа, Өлі Қолтық, Тұзбайыр, Қумақапы, Сулықапы, Артқапы, Иір, Шоқарак, Қарақуақ, Шүйлі, Доланапа, Қаратау, Шерқала, Айрақты, Жапырақты, Жалған, Құлаат, Ұланақ, Тарталы, Бесшоқы, Түпқараған, Жыланды, Жылюой, Бесоқты, Қарашық, Қарамая, Кендірлі, Тайшық,

Дәніспан, Күйекжол, Алаешкі, Жабайұшқан, Тайғыр, Көкімбай, Ақшабас, Қаратүйе, Кертті, Ақуыз, Жосалы, Қараған-Босаға, Көкесем, Елшібек, Сүйірше.

- Қыстақ аттары: Аспай, Дәрмен, Ербасан, Жанасу, Жосалы, Құндық, Қаракұдық, Шыферлі, Шолтөбе, Ақпан, Алтыналы, Аққора, Ақшағыл, Әндіжан, Безжүзген, Қызылсай, күйкутам, Қолтық, Қожақазған, Сайын, Сахар, Сарытөбе, Сиырсу, Соқыр, Тастысай, Түйесу
- Елді-мекен аттары: **Ақтау қ.ә:** Ақтау, Емір, Құйылыс, Маңғыстау, Өмірзақ.
- **Жаңаөзен қ.ә:** Жаңаөзен, Қызылсай, Теңге.
- **Бейнеу ауданы:** Бейнеу, Ақжігіт, Қызылту, Айтжан, Амантай, Аязбай, Байжан, Боранқұл, Бектұрған, Бердіхан, Есберген, Жалғас, Жұбат, Жылқы, Қоңлымқос, Қалмырза, Қомти, Майлы, Меңдібай, Сәкен, Серік, Сабиғат, Сұлуқара, Төлеу, Тоғызбай, Төлеубай, Умбет, Шанытпай, Жангелді, Байқушық, Жанбике, Жанқұдық, Қоблан, Қотар, Құлыбек, Қылыш, Түзел, Сарша, Али, Әбдігүл, Ақжар, Бұлақтыкөл, Жаңайтыс, Ждан, Қаршалықон, Көкбұлақ, Қызәулие, Кеңқолтық, Қызылту, Мансұр, Избасар, Құрық, Жақсы, Қызыладыр, Мешітқора, Бостан, Борсымұрын, Қарамандыбас, Өзенойы, Бостанқұм, Комсомол, Теректі, Шілікұдық, Боранкөл, Бұғабай, Есет, көркөл, Ноғайты, Амантұрлы, Қасқыршкен, Қызылжұлдыз, Қоншымырау, Кілтаң, Мамырақ, Тасқұдық, Теріскенді, Сыңғырлау, Ақорпа, Көктекті, Сарыкеткен, Шіңкілдек, Сам, Қызыләскер, Аққұдық, Ауылдыкөл, Бақытжан, Баршақұм, Жанбике, Қарағайлы, Қасқырбұлақ, Қарақоға, Қартбай, Қияқты, Қосқұдық, Қопа, Найзақора, Оңғарқора, Реш, Ұялы, Теректі, Шұқыр, төлеп, Тұбыр, Абай, Алуадинов, Ақши, Асаубарақ, Көшербай.
- **Қаракия ауданы:** Жетібай, Қонайқора, Құланды, Ботагөз, Қарабаракты, Саксорқа, Сарытақыр, Фетисово, шынжыр, Шапалақ, Аяқ Қараған, Бас Қараған, Орта Қараған, Сарықамыс, Үйсін, Мұнайшы, Сенек, Ащысай, Бесоқты, Бұрма, Жанасу, Қайғылы, Қарашық, Келінді, Мұрына, Сарыкез, сарыой, Аққұдық, Бесшоқы, Дауыл, Жінішке сор, Қадырберді, Қансу, Қаңбақтысай, Қызылсенгір, Мақышбай, Мойынқара, сайлаутөбе, Түйесіңірілі.
- **Маңғыстау ауданы:** Шетпе, Ақтөбе, Ұштаған, Жарма, Кебіршоқы, Кезқора, Кесекқора, Қаңдық, Мағзам, Масат, Тынысбай, Сазды, Әйнектіқора, Айғыржал, Алатөбе, Еламан, Жамансаз, Жаңаша, Қамысшоқы, Қосмағанбет, Құртты, Мәлібек, Шаштыәзиз, Шолаққазған, Шолақтам, Шолтөбе, Сауысқан, Ақшымырау, Ақжол, Ақшағыл, Балта, Исатай, Көктөбе, Күнес, Құйылыс, Қарабатыр, Қошманбет, Қызық, мақпал, Нарсойған, Сейт, Сүйекші, Торат, Шаған, Жармыш, Аманқызылит, Ауыздыбасты, Жапырақты, Жетікөл, кеңсай, Құрша, Қошқар, Құдайберген, Қызылсай, Нақбай, Сарынияз, Сарытоакора, Сарыой, Сердалы, Тасым, Үшкөз, Ұзынкөзе, Шілікті, Өгізөреулі, Дөңгелексор, Жүзгенсай, Құрғапы, Сарытөбе, Тамды, Ынта, Жыңғылды, Ақбас, Аққора, Ақмая, Ақшоймақ, Балта, Бірқарын, Жылыбауыр, Қолкала, Көпдерел, Қараеспе, Қарақолқа, Қосқара, Құйылыс, Қызылқора, Ортақора, Сарытөбе, Тоқбақ, Ұланақ, Шағылқора, Шат, Шеткіқора, Тұщыбек, мадияр, Намаз, Онды, Бекі, Ақташ, Айлек, Байқасқа, Гүлшат, Есената, Ешкіөлген,

Желдімұрын, Зайыр, Сайөтес, Тұщықұдық, Сорқұдық, Қияқты, Досалы, Шағылорпа, Йір, Ақсай, Қақпақты, Шоқай, Керімді, Қызысепе, Қызыауыз, Қырықбасан, Сарыкөл, Селеуды, Терісбауыр. Ұзынбас, Шаршықора, Шиелі.

- **Түпқараған ауданы:** Фотр-Шевченко, Ақшұқыр, Аққұдық, Алатөбе, Ащықұдық, Бегей, Бозат, Кезқора, Көпдерек, Қақпақты, Қысанак, Құсқынбас, Қырыққыз, Нұрмағанбет, Тазтөбе, Іле, Телман, Баутино, Қызылөзен, Әлеңсай, Ақмолалы, Ақшоқы, Аша, Ащыбас, Бегеш, Жантық, Жемсеңді, Жерсеңгір, Жетіықз, Жығылған, Кеуекқора, Күнгеі, Кіштім, Қарақұдық, Мерет, Мешітқора, Мөлдір, Мұрынқора, Ортақора, Сақақұдық, сарықора, Саура, саубет, Суыршық, Түбіжік, Үдек, Үшжұрт, Хот, Шалкөсе, Шат, Шұқыра, Қанған, Таушық, Ақсиын, Аласақ, Барақ, Бесарал, Ботагөз, Қараеспе, Қожақ, Сарықұдық, Сарытастықора, Төбекұдық, Түйесу, Тышқанжар, Тышқақ, Ұсақ, Үшауыз, Ұшқан, Шүлдікұдық.
- Күнделікті тұрмыстағы оқиғаларға байланысты негізделген атаулар: Айғырұшқан, Шалкеткен, Балтакеткен, Сырықкеткен, Сирақшыққан, Ешкіөлген, Ешкіқырған, Үшауыз, Түйебатқан, Балақырған, Мәстек, Қырғынсай, Үшауыз, Жаужол, Босаға, Мерет, Маната, Қаламсқас, Теңге, Ақшора, Белтұран, Шерқала, Айрақты.
- Мал шаруашылығына және өсімдікке байланысты атаулар: Қаратүйе, Түйесу, Түйебатқан, Ешкіөлген, Ешкіқазған, Шұбартай, Ешкіқырған, Сарымсақ, Жиделі, Кәді, Жыңғылды, Қияқты, ақотты, Қараған түп, Түлкілі, Қасқыржол, Бөрібас, Арыстан, Ақсексеуіл, сарықамыс, Ағашты, Түйесіңірлі, Құланды, Сүлікті, Жыңғылды.
- Жергілікті халықтың наным-сенімін білдіретін атаулар: Қарабұта, Құлқара, Арыстанбұға, Темір баба, Бекет ата, Маната, сады баба, Құлбарақ, Қоңға баба, Қайғалы баба, Шопан ата, Қараман ата, Сисем ата, Қырық кез, Ұланақ, Қаратөбе, Шоң, Алаторпа, Шақпақ ата.
- Халық, ру, тайпалық атауларға байланысты қойылған атаулар: Шәудір, Егдір құдықтары, Онды, Керел, Аусар, Қарқын, Емір, Шүлдір, Баянды, Жазғұрлы, Қайлы, Бекше, Өреуіл, Бекі, Ыбық, Қарауыл, Төңірек шың, Қызық, Үргемді, Қарнау, Есентемір, Шоңай, Бөкен, Ұланақ, Жаңай, Бәли құдығы, Өрдек, Қошай, Қырықкез, Уәлі.
- Антропонимдерге қатысты қойылған атаулар: Өтес, Ералы, Жетібай, Тұщыбек, Сенек, Онды, Керел, Мәстек, Өмірзақ, Сам, Тұрыш, Ақжігіт, Боранқұл, Бейнеу, Тұщыбек, Төлеп.
- Метафоралық атаулар: Дүңгірлек, Өрмелі, Маңсуалмас, Күркіреуік, Сұлутөрткіл, Ұзынбас, Теренорпа, Сүйірше.

Қорытынды

1. Қазақ халқының дәстүрлі табиғатты пайдалану жүйесінің аумағында қоршаған ортаны танып-білудің нәтижесінде топонимикалық жүйе қалыптасты. Халықтың географиялық терминдер мен топонимдердің мағыналық жүктемесіне, құрылымдық ерекшеліктеріне жан-жақты талдау жасаудың негізінде қазақ топонимиясы тұңғыш рет халықтың экологиялық бейімделу тәжірибесі мен географиялық білімін ұрпақтарына жеткізудің құралы болған.
2. Қазақ топонимиясының деректемелік мазмұны дәстүрлі шаруашылықтың қажеттерімен анықталғандықтан, географиялық атаулардың этимологиясы мен семантикасы талдауды осы тұрғыдан қарастыру қажет.
3. Халықтың географиялық терминдердің топонимдер құрамындағы мағынасы жөнінде нақты сараптаулар жүргізіліп, дәстүрлі шаруашылыққа қажетті білім қоры шоғырланған терминдер мен топонимдердің топтары ажыратылды.
4. Қазақ топонимиясында номинацияға себепші болған табиғат жағдайлары мен ресурстары жөнінде нақты географиялық мәліметтер жинақталғандықтан, топонимдер ландшафт өзгерістерінің индикаторлары ретінде бағаланады.
5. Табиғатты пайдалану жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде сипатталатын қоршаған ортаны қорғау дәстүрі де топонимияда көрінісі тапты. Номинацияның табуация принципіне сәйкес, ерекше табиғи, тарихи объектілер айрықша аттарға ие болған. Атаулардың айрықша сипатында ежелгі қазақтардың дүниетанымына сәйкес, табиғатқа табыну арқылы оны қорғау әрекеті жүзеге асқан

26.05.2008 жылы «Ұлт тағдыры» қозғалысының жобасы бойынша Қазақстан Республикасының ономастика туралы заңы қабылданды. Осы заң Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген. Оның мазмұны мемлекет аумағында жер, су, тау, қала, елді мекен, әкімшілік-аумақтық, ұлты қазақ азаматтарының аты-тегін және жалқы есімін, заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеуден өткізуде аттарын және көрнекті ақпараттар мен жарнамалық мәтіндерді рәсімдеуді, басқа да ономастика салаларына жататын атауларды реттеуге бағытталған.

Халқымыздың ғасырдан ұласып келе жатқан бай мұрасының бір сарасы жер су аттары (топонимия) – атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, кейінгі буындарға мирас болып отырған зор байлығымыз. Олардың құрамында көне замандардың рухы ретінде сақталған жүздеген «қарт» атаулармен қатар жаңа дәуір атаулары да сан мыңдап кездеседі. Бұл атаулардың өн бойында жекелеген сөздердің ғана тарихы емес, азаматтық тарихтың, халықтың болмысы мен мінез-құлқы, тіршілік әрекетінің сипаты, әдет-ғұрпы, салт-санасының, ел тарихының қат-ұабат сырлары жатыр.

Олай болса, жер-су аттары – халық тілі мен мәдениетінің кемел байлығы, мәңгілік тарихи мұрасы. Оларды жаппай жинап, есепке алып хаттау, ана тіліміз бен ұлттық тарихымыздың сыр-сипатын, халқымыздың этномәдени құбылыстарын тереңдеп зерделеп зерттеу үшін де аса қажетті, өте қымбат бағалы дерек болары сөзсіз.

«Ал егер, әуеге көтеріліп, Маңғыстау мен Үстірт үстін шарлап өтсеңіз, бір кезде осы екі құрлықты түгел жауып жатқан Тетис теңізінің толқындары мен суасты ағымдарының ізі алақанымыздың әжіміндей сайрап жатар еді. Соларға қапар, бір кезде осы екі құрлықты басып жатқан топан судың қалай тартылғанын, оның орнында пайда болған шөгінді қабаттардың өалай түзелгенін айтпай-ақ аңғарар едіңіз» деген екен қазақтың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбай. Сол кәрі Маңғыстаудың өне бойында тұнып тұрған тарих пен аңыздарды ұзақ-сонар жолдар, құдықтар мен зираттар сыр қылып шертеді. Бұған қанағат етпесеңіз, оны бабаларымыз қадымнан мекен еткендігінің айғағы – шежіре парақтарын Қашаған ақынның жырлары мөлдіретіп айтып береді.

Маңғыстау тек кешегі мен бүгіннің ғана емес, ХХІ ғасырдың, үш мыңыншы жылдықтың адамзат баласын таң қалдырар Маңғыстауы болмақ. Тәуелсіз, әлемдік қауымдастыққа қосылған Қазақстан үшін Маңғыстау қоры мол, тарихы тереңнен сыр шертетін қарт өлке болып қала бермекші.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аяпбеков Ә.Е. Батыс Қазақстанның ландшафтысын топонимияда көрінісі // «Қазақстандағы географиясы және экология ғылымдарының дамуына» арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары 27-28 наурыз, Алматы. 2002. -16 -176.
2. Аяпбеков Ә.Е. Қазақстан ландшафтысының жер атауларындағы көрінісі. // Изучение в Всемирного наследия в школе. Совет Ассоциированных школ ЮНЕСКО в Республике Казахстан. Алматы, 2002.С. 156-160.
3. Аяпбеков Ә.Е. Батыс Қазақстан өңірінің жер-су атаулары // Түріктану мәселелері: Бүгін мен болашағы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Алматы, 2002. -249-251б.
4. Әбдірахманов А. Қазақстанның жер-су аттары. –Алматы, 1959. -219б.
5. Бірмағамбетов Ә. Туған өлкені зерттеушілер. Алматы:Мектеп, 1986, -66 б.
6. Бейнеу. –Алматы: Информ-А., 2001. -136 б.
7. Бейсенова Ә.С., Каймулдинова К.Д. Қазақстанда топонимика ғылымының даму бағыттары. Қазақстандағы география және экология ғылымдарының дамуына арналған // Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалы.-Алматы,2002. 24-26 б
8. Горбунова А.П. Географические аспекты изучения топонимии Казахстана // Материалы первой республиканской научно-республиканской конференции по ономастике. –Алматы, 1997,С. 31-35б.
9. Джанузаков Т.С. Топонимия Республики Казахстан –Алматы, 2001.
10. Жанұзақов Т. Қазақстан географиялық атаулары. Алматы облысы. – Алматы:Арыс. 2005. -256 б.
11. Каймулдинова К. Қазақстан топонимдерінің этноэкологиялық негіздері (оқу құралы) –Алматы:Ғылым, 2001. -92 б.
12. Каймулдинова К.Д. Қазақтардың табиғатты пайдалану және қорғау дәстүрлерінің топонимикалық аспектілері. Г.ғ.к.дисс. Автореферат. Алматы, 1998. -29б.
13. Қазақстан географиялық атауларының сөздігі. Жауапты шығарушы Сапарбекова Ә.А.: Ғылым, 1990. -296 б.
14. Қашқари М. Түрік сөздігі. –Алматы: Хант, 1998. 597 б
15. Каспий қайраңы.-Алматы, 1996. -277б.
16. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы:Мектеп, 1985. - 256б.
17. Қондыбаев С. Маңғыстау географиясы. Алматы: Қанағат-ҚС, 1997.-135 б.
18. Қашқари М. Түрік сөздігі. –Алматы: Хант, 1998. Т3.
19. Қондыбаев С. Маңғыстау-нама –Алматы: Арыс 2006, -444б.
20. Қондыбаев С. Есен-қазақ – Алматы:Арыс, 2006. -360 б.
21. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы (8том) –Алматы, 2006
22. Қазақ ономастикасының мәселелері –Алматы: Ғылым, 1986.
23. Қазақстан тарихы Алматы, 1998. I-V том
24. Маңғыстау энциклопедиясы. –Алматы: Атамұра, 1997, -384б.

25. Майемер Т. Батыс Қазақстан облысының топонимикасы // География және табиғат Алматы, 2003, 52-53б
26. Мурзаев Э.М. Очерки топонимики. М., 1974. -287 б.
27. Омарбеков С. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. –Алматы: Ғылым, 1965. 202 б
28. Подольская Н.В. Словарь русской ономотической терминологии. Москва 1977. (98)
29. Спан Ә., Дүйсенбаева Ж., Ұлы даланың ұланғайыр мұрасы. –А., Нұрлы әлем, 2006. -224 б.
30. Тілеубердиев Б.М. Оңтүстік Қазақстан топонимдерінің этнолингвистикалық сипаттары: филол.ғ.к.дисс. Автореферат.-Алматы, 1995. 24 б
31. Федорович Б.А. Лик пустыни.-М., «Молдова гвардия», 1997, -364с.
32. Чигаркин А.В. Освоение пустынь Казахстана. Алма-Ата, 1982
33. Чигаркин А.В. Қазақстан ландшафтарының келешегі. Алматы, 1983. -41 б
34. «www.akorda.kz» сайты
35. «www.yandex.kz» сайты